

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ТАБИҒИ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫ, ЯҒНИ УРАНДЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУҒА БОЛМАЙДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



ҚАЗАН ҚАРБАЛАСЫ

Жыл сайын қазан айының басы Қарттар күнін атап өтумен басталады. Негізі Халық-аралық қарттар күні 1990 жылдың 14 желтоқсанында БҰҰ Бас ассамблеясында бекітілген.

Биылғы жылғы бір ерекшелік астаналық қарттарға мерекеге орай 9830 теңге мөлшерінде бір реттік төлем берілді.

Жалпы 1 қазанға дейін жеке тұлғалар 2024 жылдың мүлік салығын төлеуі тиіс болатын. Салықтың көлемі мүлікті иелену мерзіміне қарай есептеледі. Ал кейбір санаттарға, мәселен ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, қопбалалы аналарға, зейнеткерлерге және басқа да осал топ өкілдеріне жеңілдіктер қарастырылған. Салықты e-Salyq Aзамат қосымшасы; банктердің қосымшалары; egov.kz және банкоматтар арқылы төлеуге болады.

Егер де мүлік салығы уақытында төленбесе, онда 2 қазаннан бастап борышкерге салық берешегі туралы хабарлама жіберіледі. Берешек 1 айлық есептік көрсеткіштен, яғни 3 932 теңгеден артық болған жағдайда 30 күннен кейін берешекті мәжбүрлеп өндіру бұйрығы шығарылады. Ал бес күннен кейін барлық материал сот орындаушыларына жіберіледі. Сол үшін де салықтың үстінен тағы 25 пайыз ақы төлеуге тура келеді. Оған қоса, есепшоттарды бұғаттап тастауы мүмкін.

Биылғы жылдың 25 қыркүйегі күні түскі сағат 12-ден бастап қазанның 10 күнгі 23-59 уақыт аралығында елімізде алғаш салынатын атом электр станциясына үздік атау беру бойынша жалпыхалықтық конкурс басталды.

Сауалнама eGov Mobile мобилді қосымшасында жүргізілуде. Басты парак-шада “АЭС-ке атау ұсыныңыз” баннері орналастырылған, ал пайдаланушыларға конкурстың басталғаны туралы push-хабарлама жіберіледі.. Бастаманың мақсаты – болашақ станцияны тарихи, мәдени және ұлттық маңызын айқын көрсететін атау таңдау.

Қатысу үшін: Тілді таңдау (қазақ немесе орыс); өз нұсқасын ұсыну; атаудың мағынасын қысқаша сипаттау (міндетті емес); конкурстың ресми қағидаларымен танысқанын растауды басу керек.

Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасы Алмасадан Сәтқалиевтың айтуынша: бүгінде қазақстандықтар тарапынан 20 мыңнан астам ұсыныс түскен.

– “Біз алдын ала талдау жасадық. Адамдар географиялық атауларды көп

ұсынған. Соның ішінде «Балқаш», «Илийская», «Үлкен», «Мойынқұм» сияқты атаулар бар. Сосын танымал тарихи тұлғалардың атын ұсынатындар көп. Мәселен, академик Чокин, Абай, Батуров, Қаныш Сәтпаев сияқты тұлғалардың есімін беруді ұсынып жатыр», - дейді ол.

Бұдан бөлек қазақстандықтар алғашқы АЭС-ке «Жарық», «Қуат», «Энерджи», «Энерго» сияқты атауларды ұсынуда.

Қазақстандағы алғашқы АЭС Алматы облысында салынады. Балқаштың жағалауында тағы бір станция салынады. Бұдан бөлек, Каспий жағалауында АЭС бой көтеруі мүмкін.

Бір қызығы бұл айда кәсіби мерекелер көп екен. Мәселен 1 қазан – Радио күні екенін кім білген? Ал 5-ші қазан – Мұғалімдер күні екенін елдің бәрі біледі.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев та "соңғы бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істелді. Білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артты. 1200 жаңа мектеп ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынды. Сондай-ақ осындай 67 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр. Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті.

Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын таңдағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, былтырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада

жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады", – деп ұстаздарды алдын-ала 1 қазанда құттықтап қойды.

Кәсіби мерекелер 6 қазан – Қорғаныс өнеркәсібі қызметкерлері күні; 10 қазан – Қазақстан кәсіптік одақтарының күні; 19 қазан – Құтқарушы күні; қазанның үшінші жексенбісі – Орман шаруашылығы қызметкері күні; 24 қазан – Кітапханашы күні; қазанның соңғы жексенбісі – Әлеумет-тік қорғау жүйесі қызметкерлері күні; 29 қазан – Құзет ұйымдарының қызметкерлері күні болып жалғасып кете береді.

Кәсіби мерекелер көп болғанмен, ресми демалыс тек 25 қазанда - Республика күніне беріледі. Биыл бұл мейрам сенбіге түсіп тұрғандықтан заң бойынша демалыс күні дүйсенбіге ауыстырылады.

Қазанның тағы бір жаңалығы АҚШ-тың долларынан бөлек бұл елге бару да қымбаттап отыр. 1 қазаннан бастап АҚШ жаңа визалық алым енгізіп отыр. Оның бастапқы мөлшері - 250 доллар.

Golf News дерегіінше, бұл төлем Visa Integrity Fee қазақшалағанда, «адалдық алымы» деп аталады екен. Туристік, еңбек, студенттік әрі өзге де қысқа мерзімді визаларға қолданылады.

2025 жылдың қазанына дейін алым көлемі 250 доллар болып бекітілсе, 2026 жылдан бастап тұтыну бағалары индексі бойынша жыл сайын қайта қаралады. Инфляция да ескеріледі екен.

1 қазаннан бастап Отбасы банк жалдау және ипотека бойынша онлайн төлемдерге шектеу енгізеді. Ондай төлемдерді тек жұмыс күндері 9:00-ден 17:00-ге дейін бөлімшелерде немесе «Баспана Маркет» порталы арқылы жасауға болады.

Портал арқылы жасалған өтінімдер үш жұмыс күні қаралады. Сондықтан төлемдерді алдын ала жасаған дұрыс.

Өткен қыркүйектің соңғы күнінде жанкүйерлерін бір өкілдіріп, бір үміттен-дірген “Қайрат” футбол клубы Чемпиондар лигасындағы екінші матчын өз алаңында Кипрдің «Пафосына» қарсы өткізеді. Ойын 21 қазанда сағат 21:45-те басталады.

Шетелге саяхаттауды ұнататындар үшін де жағымды жаңалық бар. 29 қазанда SCAT әуе компаниясы Ақтаудан Біріккен Араб Әмір-ліктерінің Шарджа қаласына рейс ашады. Ұшақтар аптасына екі рет ұшып тұрады.

✓ Жаһан жұрты береке-бірікте өмір сүру үшін өзара сыйластықты, теңдік пен ынтымақтастықты таңдауы қажет. Сонда ғана мемлекеттер арасында табысты қарым-қатынас орнайды. Осы айдың басында Қытайға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Онда құны 15 миллиард доллар болатын 70 инвестициялық келісімге қол қойылды. АҚШ-қа сапарым кезінде әлемдік компаниялардың басшылығымен келіссөздер өткіздім. Оның ішінде Amazon, Meta сияқты жасанды интеллект және жоғары технология саласындағы ірі корпорациялар бар. Сондай-ақ қаржы-инвестиция саласындағы Goldman Sachs, Blackstone, Cerberus Capital Management, Citigroup корпорацияларының жетекшілерімен кездестім. Wabtec, PepsiCo және басқа да ірі компаниялармен коммерциялық келісімдер жасалды. Сапар аясында экономикамыздың басты салаларын қамтитын 11 келісімшартқа қол қойылды, жалпы құны 5,2 миллиард доллардан асады.

✓ Елдің энергетикалық қауіпсіздігін және дербестігін қамтамасыз ету – стратегиялық міндет. Біз түрлі салаға озық технологияларды енгізіп жатырмыз. Аукымды жобалар қолға алынуда. Оның бәрін табысты жүзеге асыру үшін электр энергиясы жеткілікті болуы қажет. Сондықтан біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жұмыстарын бастадық. Ең бастысы, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұрдық. Жалпыұлттық референдумда атом электр станциясын салу жөнінде шешім қабылдадық. Шын мәнінде, атом энергиясы – еліміз үшін өте маңызды, қажетті қуат көзі. Біз ғана емес, күллі жаһан жұрты осы саланы дамытуға мықтап кірісіп жатыр. Дүние жүзінде 416 атом реакторы жұмыс істеп тұр. Мысалы, АҚШ-та 94 ядролық реактор бар, бірақ өзінің уран өндірісі аз, сондықтан америкалық нарықтың 24 пайызын Қазақстан қамтамасыз етеді. Францияға қатысты жағдай да сондай іспетті, 50-ден астам ядролық реакторға Қазақстанда өндірілген уран қолданылады. Қазір 31 мекеметте ядролық энергия өндіріледі. Бұл – әлемдегі әрбір алтыншы ел бейбіт атомның игілігін көріп отыр деген сөз. Тағы жиырмаға жуық мемлекет ядролық реактор салуды жоспарлап отыр. Біз осы салада озық энергиясы бар елдермен ынтымақтастыққа баса мән береміз.

✓ Тиісті Агенттік, жалпы, Үкімет осы компаниямен келіссөздер өткізген кезде әрдайым еліміздің мүддесін ескеруі қажет, келісімдердің барлығы әділетті, теңгерімді, тиімді болуы керек. Табиғи байлығымызды, яғни уранды талан-таражға салуға болмайды. Бүгін мен мұны ғалымдардың және бүкіл ғылым қауымдастығының алдында әдейі айтып отырмын. Бұл – аса маңызды мәселе. Әрине, біз бір атом электр станциясымен шектеліп қалмаймыз. Екінші, үшінші атом станциясын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек. Қытай Төрағасымен кездесуде біз осы мәселені талқыладық. Елдеріміз бейбіт атом бағытындағы ықпалдастығын күшейте береді. Қытайдың өзінде алдағы он бес жылда 76 жаңа реактор іске қосылмақ. Шығыстағы көршіміз – осы саладағы жетекші мемлекеттің бірі.

✓ Атом энергетикасын дамытуға стратегиялық минералды ресурстар керек. Қазақстанда бұл салаға қажетті сирек кездесетін металдар жеткілікті. Біз – уран өндірісі бойынша әлемдік қобшбасы мемлекеттің біріміз. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы – қазақ жерінде. Осы басымдығымызды дұрыс пайдалану қажет. Атом станциясы салынған соң уранның экономикадағы рөлі түбегейлі өзгереді. Бұрын экспортқа ғана кетіп жатқан бұл байлық енді ішкі нарықтың қажетіне жарайтын болады. Біз кетіп қазірден бастап дайындалған жөн, тиісті талдау жүргізуге тиіс. Ғалымдарымыз осыны ескеруі керек. Жалпы, елімізде атом саласының ғылыми негізі бұрыннан бар. Кезінде әйгілі академик Қаныш Сәтбаев КСРО Министрлер кабинетіне хат жазып, Қазақстанда ядролық физиканы дамыту мәселесін көтерген. Көп ұзамай 1957 жылы Алматыда Ядролық физика институты ашылды. Міне, сол кезеңнен бастап елімізде әлемдік талапқа сай ғылыми-технологиялық инфрақұрылым қалыптасқа бастады. Астана, Алматы және Құрчатов қалаларында арнайы қондырғылар іске қосылды, онда отандық және шетелдік ғалымдар белсенді жұмыс істеуде. Бертінге дейін Қазақстан, негізінен, шикізат экспорттады. Енді біз ядролық отын цикліндегі өңдеу үлесін дәйекті түрде арттырамыз. Мысалы, 2021 жылы елімізде жылу бөлетін тораптар шығаратын зауыт ашылды. Атом электр станциясы бұл саладағы өндірістік циклді толық аяқтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында атом энергетикасы сыртқы нарыққа тәуелсіз, ұлттық салаға айналмақ. Бұл – өте күрделі жұмыс. Сондықтан ғалымдарымызға зор жауапкершілік жүктеледі.

✓ Елімізде білікті инженерлер, техникалық мамандар тапшы. Бұл – шын мәнінде, өте өзекті мәселе. Атом саласындағы жағдай да дәл осындай. Ахуалды жедел түзеу керек. Бүгінде жағдай оқу орындарын бітіріп жатқан түлектердің 90 пайызы – бакалаврлар. Ал ғылым докторларының үлесі 1 пайызға да жетпейді. Сондықтан докторантураға бөлінетін грант санын көбейту қажет. Әсіресе, техникалық мамандықтарға басымдық берген абзал. Менің тапсырмам бойынша «Болашақ» стипендиясының 70 пайызға жуығы техникалық-инже-нерлік мамандық иелеріне беріле бастады. Былтыр жасанды интеллект саласына жыл сайын 50-ден астам стипендия болу туралы шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап атом мамандарын дайындау үшін жылына 20 квота беріледі. Мұны технократ ұлт болу жолындағы маңызды қадам деуге болады.

✓ Тағы бір өте маңызды бағыт – ядролық медицинаны дамыту. Озық ядролық технологияларды қолдану арқылы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін айтарлықтай арттыруға болады. Бұл, әсіресе, онкологиялық және жүрек-қан тамырлары ауруларын емдеу мүмкіндіктеріне жол ашады. Үкіметтің міндеті – отандық радиофармацевтикалық препараттарды әзірлеуді және қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету. Сондай-ақ жетекші клиникалар мен университеттер жанынан ядролық медицина орталықтарының желісін құру қажет.

✓ Цифрлық шешімдер ядролық нысандардың қолданыс циклін ұтымды басқаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ шығынды азайтып, барлық процестің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттырады. Жасанды интеллект аталған мүмкін-діктерді бірнеше есе көшейтеді. Қазіргі дамыған әлем жаңа технологиялық қалыпқа сәйкес түбегейлі экономикалық өзгерістер мен жаңғыру дәуіріне аяқ басты. Дәл осындай тарихи бетбұрыс кезеңінде көптеген ел өз мүмкіндіктерін жұмылдырып, дамуда зор серпіліс жасады, ғылыми-технологиялық жарыста алға озды. Оған тарихи мысалдар жеткілікті. XV-XVI ғасырларда Қытай әлемдегі экономикасы ең ірі ел болды, оның әлемдік ішкі жалпы өнімдегі үлесі 60 пайызға жетті. «Аспанастаны елі», «Орталық мемлекет» деген ұғымдар, соның ішінде императорға шетел өкілдеріне дейін тағзым ететін тиісті протоколдық рәсімдер осыдан шыққан. Бұдан кейін Англияда индустриалдық революция орын алып, іштен жанатын қозғалтқыш пайда болды. Қытай бұл өзгерістерден тыс қалды, соныңсалдарынан«аппынсоғысы»деп аталғанекісыртқыагрессияныңқұрбанына айналды. Жаңа дәуірдегі Қытайдың кейінгі басшылары тарихи қателіктен сабақ алып, ғылымға, жоғары технологияға, жасанды интеллектіге басымдық берді. Оның нәтижесі айдан анық. Қазір Қытай барлық ел санасатын әлемдік державаға айналды. Сондықтан жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектінің кенінен енгізу, шын мәнінде, біздің ұлттық стратегиямыз. Еліміздің болашағы мен оның әлемдегі озық мемлекеттер санатында болуы осы идеяны жүзеге асыруға тікелей байланысты. Жаппай цифрландыру азаматтарымыздың тұрмыс сапасын едәуір жақсартып, Қазақстанның орнықты ғылыми-технологиялық прогресіне берік негіз қалайды. Аталған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне сенімім кәміл. Мұндай саясат жастар арасында кенінен қолдау тауып жатыр. Ескеңен ұрпақ заман талабын жақсы түсінеді әрі технологиялық жаңалықтарға ашық. Әйтсе де қоғамда бұл мәселеге және күн тәртібіндегі басқа да проблемаларға күмәнмен қарайтындар бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл біз үшін қандай жағдай. Алайда мұндай ой-пікірлерді де ескеру қажет. Бәзбіреулер үшін мұндай міндеттер нақты іске ұласпай, сөз күйінде қалатындай көрінуі мүмкін. Бірақ Жолдауымда анық айттым: біз үшін, жалпы еліміз үшін басқа жол жоқ, әйтпесе ілгерілеуден, прогрестен, яғни даму көшінен қалып қойсақ, қауқарсыз, әлсіз халық боламыз, сыртқы күштердің кемсітуіне ұшыраймыз. Бұл – жай бәсеке емес, мәселе – басқа-да. Түптеп келгенде, бұл – Қазақстанның дербес ел ретінде өміршеңдігі деген сөз.

✓ Ғалымдар әрдайым жасампаздық жаршысы болуға тиіс. Қазір әлеуметтік желі арқылы халыққа ақыл айтатындар көбейіп кетті. Олардың арасында жалған ақпарат таратып, жұртты адастыратын адамдар аз емес. Осындай санасыз, пиғылы арам адамдардың теріс ықпалына түсіп, кейбір жастар ғаламторда неше түрлі өсек немесе халықты араңдатуды көздейтін материалдар жаза бастады. Бірақ осы жерде бір мәселе бар. Тиісті мекемелер заманауи технологияларды пайдалана отырып, осындай деструктивті жазбаларды жазатын адамдардың аты-жөнін, тұратын жерін, бәрін анықтап алып жатыр. Олар жас болғаннан кейін өзирге түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Бірақ мұндай әрекеттер жалғаса берсе, тиісті мекемелер Заң мен тәртіп тұжырымдамасын орындау үшін басқа шара қолдануға мәжбүр болады. Мұндай сәтте ғалымдар үнісіз қалмауы керек, жастар арасында, жалпы қоғамда жан-жақты ағарту жұмысын жүргізуі керек. Үкімет пен әкімдердің қызметінде олқылық мүлдем жоқ деп ешкім айтпайды, бірақ олар туралы пікір айтқан кезде халықты араңдатпай, қоғамды шулатпай, салмақты және саналы пікір айту қажет. Еліміздің тұрақтылығы, бұл – ең маңызды басымдық. Кез келген мәселе жайлы қоғамдық пікір білікті мамандардың көзқарасы негізінде қалыптасуы керек.

(Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінен)

“AMANAT” KIMGE AMANAT?

Биылғы жылдың 28 қыркүйегінде Қаза-лы ауданы әкімі сайлауы болып өтті. Оған жергілікті “Amanat” партиясы партия төра-ғасы А.Есмахановты ұсынды. Өздерін өздері ұсынған, халық облсобез атайтын облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғ.Жаңабаев, облыстық дін істері басқармасының басшысы М.Қазбекова, облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ш.Қойшыбаев, облыс-тық энергетика және тұрғын-үй шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Б.Изма-ғанбетов те бақ сынады.

Облыстық сайлаукомның ресми ақпараты бойынша сайлаушылар тізіміне 47219 азамат енгізілген. Дауыс беруге 32337 сайлаушы қатысқан.

Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы үшін 21096, Жаңабаев Ғабит Жұмабекұлы үшін 3240, Қазбекова Мира Жомартқызы үшін 2984, Қойшыбаев Шахмардан Сұлтанбекұлы үшін 2605, Измағанбетов Бауыржан Нұрланұлы үшін 1994 дауыс берілген.

“Барлығына қарсы” белгісі бар бюллетеньдер саны 215 болған.

Сайлау қорытындысымен Қазалы ауданы-ның әкімі болып жергілікті “Amanat” партиясының төрағасы Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы сайланып, Қазалы ауданына әкім болып кетті.

Қазалы ауданы әкіміне сайлау науқаны басталғалы бері үміткер бөсеудің арасында А.Есмахановтың әкім болып, Қазалы еліне еге болатынына нық сенімді болған жұртшылық, енді оның орнына жергілікті “Amanat”-қа кім төраға болып келетіндігі туралы әр тарапта пікір таластырып жүр...

АХАТОВ СЕНІМ АРТТЫ...

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың өкімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына **Діلمұхамед Мнуарбекұлы Абизов** тағайын-далды. Шаһар басшысы жаңа орынбасарын кадрлық өзгеріс-терге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.

Діلمұхамед Мнуарбекұлы 1978 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін «Тау-кен инженері», Ақмешіт гуманитарлық-техникалық институтын «Экономика» мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1997 жылы «Сырдария Мұнай» АҚ-ның бұрғылаушысы болып бастаған.

2001-2016 жылдары «Харрикейн Күмкөл Мұнай» ААК оператор болып жұмыс істеген және түрлі кәсіпкерлік салаларында қызмет атқарған.

2016 жылдан бастап «Далатекс» серіктестігінің директоры. Қалалық мәслихаттың 7 және 8-ші шақырылым депутаты болды.

Діلمұхамед Мнуарбекұлы «Байқоңыр» ӘӘК» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, «Атамекен» кәсіп-керлер палатасының өңірлік кеңесінің төрағасы, «Qaz Textile Industry» өзін-өзі басқару ұйымының директорлар кеңесінің төрағасы, Қызылорда Өңір-лік инвестициялық орталығының бақылау кеңесі төрағасы болып, қоғам-дық жұмыстарға белсене араласқан.



2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасымен марапатталған.

Діلمұхамед Мнуарбекұлы кәсіпкерлік және өнеркәсіп, қоғамдық даму, мәдениет және тілдерді дамыту, дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімдеріне жетекшілік жасайтын болады.

Р.С. Кәсіпкер ретінде елге танылған тағы бір тұлға мемлекеттік қызметке келді. Бір қызығы Д.Абизов кәсіпкерліктен қала әкімінің орынбасарлығына келген алғашқы емес... Бәлкім, сонғысы да болмас. Бастысы басқаларға ұқсамай, мемлекеттік қызметті ауырысыбай, осы лауазымды қызметте тұрақтап қалғаны...

«ҚЫЗЫЛОРДА ЭЛЕКТР ТАРАТУ ТОРАПТАРЫ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАРАШАДАН БАСТАП ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БӨЛШЕК САУДАДА ӨТКІЗУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ (ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ) ШЕКТІ БАҒАЛАРЫН КӨТЕРУ ЖӘНЕ НЕГІЗДЕУШІ МАТЕРИАЛДАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Құрметті тұтынушылар!

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ (*бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ*) Әлеуметтік маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына сәйкес электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне бағаның алдағы көтерілуі туралы ақпаратты Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментіне (*бұдан әрі – Департамент*) келісуге жіберілгені туралы хабарлайды, шекті бағаларын көтеру **2025 жылғы 1 қарашадан** бастап жоспарлануда.

Электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтеріне сараланған шекті бағалардың жобасы

Қызылорда облысының тұтынушылары үшін жобаға сәйкес 1 кВт*сағ үшін болжамды тарифтер ҚҚС-сыз:

- Орташа босату тарифі - 29,021 теңге**, қолданыстағы **28,3 теңге** орташа босату тарифінен **0,721 теңгеге** немесе **2,55%** - ға ұлғая отырып.
- Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі –26,12 теңге**
 - деңгей – 24,84 теңге;
 - деңгей – 31,34 теңге;
 - деңгей – 39,18 теңге;
- Бюджеттік ұйымдар үшін тариф –31,63 теңге;
- Өзге тұтынушылар үшін тариф –31,63 теңге;
- ӘМБАТТ кәсіпорындар үшін тариф – 29,021 теңге.

Электрмен жабдықтаудың шекті бағасын көтерудің негіздемесі:
1) Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын электр энергиясы бағасының, электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету және энергия беру қызметтері бағаларының Қағидалардың 16-тармағына сәйкес келісілген шекті бағада ескерілген және нақты шығыстар арасындағы айырмасы.

2) жабдықтау үстемесінің ұлғаюы (еңбекақы төлеуге арналған шығындар (<https://stat.gov.kz>), материалдық шығындар, өзге ұйымдардың қызметтері, қарыз қаражаттары үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар және т.б.).

Қазіргі таңда электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бойынша жоғарыда көрсетілген тарифтердің жобалары Департаментте қаралуда.

«ҚЭТТК» АҚ электр энергиясын бөлшек саудада өткізу (электрмен жабдықтау) қызметтері бағасының алдағы өсуі туралы толық ақпаратпен «Монополист» <https://monopolist.gov.kz/> және «ҚЭТТК» АҚ <https://www.krek.kz/> сайттарында танысуға болады.

ИНФОРМАЦИЯ
АО «КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ РАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНАЯ ЭЛЕКТРОСЕТЕВАЯ КОМПАНИЯ» О ПОВЫШЕНИИ ПРЕДЕЛЬНОЙ ЦЕНЫ С 1 НОЯБРЯ 2025 ГОД НА УСЛУГИ РОЗНИЧНОЙ РЕАЛИЗАЦИИ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ (ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ) И ОБОСНОВЫВАЮЩИЕ МАТЕРИАЛЫ

Уважаемые потребители!

АО «Кызылординская распределительная электросетевая компания» (*далее – АО «КРЭК»*) в соответствии с Правилами ценообразования на общественно значимых рынках информирует о направлении на согласование информацию о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) в Департамент Комитета по регулированию естественных монополий по Кызылординской области (далее – Департамент), повышение предельной цены планируется с **1 ноября 2025 года**.

Проект дифференцированных предельных цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение):

Согласно проекта прогнозные тарифы для потребителей Кызылординской области за **1 кВт*час без НДС** составляют:

- Среднеотпускной тариф – 29,021 тенге**, с увеличением от среднеотпускного **28,3 тенге** на **0,721 тенге** или на **2,55%**.
- Среднеотпускной тариф для физических лиц – 26,12 тенге**
 - уровень– 24,84тенге;
 - уровень– 31,34 тенге;
 - уровень– 39,18 тенге.
- Для бюджетных организаций – 31,63 тенге;
- Для прочих потребителей – 31,63 тенге;
- Для предприятий СЗПТ – 29,021тенге.

Обоснованиями повышения предельной цены на электроснабжение являются:

1) Разница между учтенными в согласованной предельной цене, и фактическими расходами, в соответствии с п. 16 Правил возникших в результате увеличения цен на покупную электроэнергию Единого закупщика, услуг по обеспечению готовности электрической мощности к несению нагрузки на рынке электрической мощности и на услуги по передаче электроэнергии.

2) Увеличение снабженческой надбавки (затраты на оплату труда (<https://stat.gov.kz>), материальные затраты, услуги сторонних организаций, расходы на выплату вознаграждений за заемные средства и др.).

Проекты вышеуказанных тарифов на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) в данное время находятся на рассмотрении в Департаменте. С полной информацией о предстоящем повышении цен на услуги розничной реализации электрической энергии (электроснабжение) АО «КРЭК» можно ознакомиться на сайтах «Монополист» <https://monopolist.gov.kz/> и АО «КРЭК» <https://www.krek.kz/>.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ӨТТІ

Халық арасында жүргізілетін ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 2025 жылғы 24 қыркүйекте «БЖЗҚ» АҚ-ның барлық филиалдарында онлайн форматтағы Ашық есік күні өткізілді.

2026 жылғы 1 қантардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Онда БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері, тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түріндегі кірістерді жеке табыс салығынан (ЖТС) босату көзделген. Алайда, бұл өзгерістің Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғаларға БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге еш қатысы жоқ.

Сондай-ақ, 2026 жылғы 1 қантардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтық шегерімдер де жойылады. Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тіісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

Ашық есік күнін өткізу кезінде БЖЗҚ салымшыларына 2026 жылғы 01 қантардан бастап күшіне енетін ҚР жаңа Салық кодексінің зейнетақы төлемдеріне қатысты негізгі ережелері туралы толығырақ ақпарат беріліп, БЖЗҚ-ның цифрлық форматта көрсетілетін қызметтерімен таныстырды.

Бұған қоса, БЖЗҚ қызметкерлері іс-шараның негізгі тақырыбы ғана емес, жалпы Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қатысты мәселелерді де қозғап,тілек білдірушілермен жеке консультациялар өткізді.

Онлайн кездесу үлкен қызығушылық тудырды және қатысушылардың пікірлері бойынша аса пайдалы және нәтижелі болды.

Естеріңізге сала кетейік, салымшы-лар зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша кәсіби ақыл-кеңесті БЖЗҚ филиалдарында да, enpf.kz сайтында, мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде деоңлайын ала алады. Оған қол жеткізу әдістері туралы іс-шарада айтылды.

Жарамсыз деп танылсын

120201. Кызылорда облысы, Жалағаш ауданының Есет батыр ауылындағы К.Әбішев, 28 мекен жайы бойынша орналасқан Жалағаш ауданы әкімдігінің «Аламесек» ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-нің мөрі жоғалуына орай ол жарамсыз деп танылсын.

Қосымша ақпарат: БИН 940640001133 .тел/факс: 8 (72431) 34-3-03. e-mail: alamesek@mail.kz.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША № 21 ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104 бабының 6-1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес және Қызылорда қаласы бойынша № 21 округтік сайлау комиссиясының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі хаттамалық шешімі негізінде № 21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қаласы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына **Байтұрсынов Алмас Нұрланович және Маштаев Абдибакир Ибрагимовичті** кандидаттар ретінде тіркелді.

Байтұрсынов Алмас Нұрланович – 1991 жылы туған, ұлты қазақ, А. Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінің директоры, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған;

Маштаев Абдибакир Ибрагимович – 1968 жылы туған, ұлты қазақ, «Қызылорда Автобус паркі» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

2025 ЖЫЛҒЫ ІV ТОҚСАНҒА АҚҚЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ АППАРАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮРГІЗУ КЕСТЕСІ

№	Елді мекен атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның (<i>тегі, аты, әкесінің аты</i>)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Шынжыров Бауыржан Серікұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00 ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы, Б.Ақырғазев көшесі №40	8(724-31)41-4-44

БАНКРОТТЫҚ ТУРАЛЫ ТАЛАПТЫ СОТТА ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Банкроттық рәсімі – кредиторлардың талаптарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен борышкердің мүліктік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын рәсім. Банкроттық борышкердің сотқа берген өтініші негізінде ерікті түрде және кредиторлардың немесе заңмен уәкілеттік берілген өзге де тұлғалардың сотқа берген өтініші негізінде мәжбүрлі түрде белгіленеді.

Егер өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 49-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен тарату туралы шешім қабылданған заңды тұлға мүлкінің құны кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы «Оңалту және банкроттық туралы» туралы Заңда белгіленген қағидалар бойынша банкроттық рәсімін жүргізу үшін мұндай заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа жүгінуге міндетті.

Борышкердің дәрменсіздігі оны сот тәртібімен банкрот деп жариялау үшін негіз болып табылады. Дәрменсіздік фактісін анықтау кезінде борышкердің орындау мерзімі басталған, сондай-ақ орындауға қабылданған және (немесе) орындалып жатқан міндеттемелері ескерілуге тиіс. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі сот шешімімен айқындалады және ол тоғыз айдан аспауға тиіс. Бұл мерзімді кредиторлар жиналысының келісуімен банкроттықты басқарушының өтінісхаты бойынша сот үш айдан аспайтын мерзімге ұзарта алады. Банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Борышкерді банкрот деп танудың негіздері, тәртібі мен рәсімі ҚР “Азаматтық кодексінің” 52-57-баптарында, “Оңалту және банкроттық туралы” Заңда көзделген. Осы актілерге сәйкес банкроттық ерікті не ықтиярсыз түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Егер борышкер өзінің төлем қабілетсіздігі жайында сотқа арыз берсе, онда ол ерікті банкрот болып табылады. Ал, ықтиярсыз банкроттық туралы іс қозғауға несие берушінің, ал заң актілерінде көзделген жағдайларда өзге де тұлғалардың сотқа өтініш беруі негіз болады.

Осы өтініш бойынша сотта азаматтық істі қараудың тәртібі келесідей. Аталған өтінішті азаматтықпроцестік кодексінің 27-бабына сай мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қарайды. Борышкердің өтініші сотқа жазбаша нысанда, борышкер басшысы не құрылтай құжаттарына сәйкес оны алмастыратын тұлғаның қолымен беріледі.

Банкроттық туралы іс қозғалған соң дара кәсіпкерге, заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне, құрылтайшысына, барлық органдарына мүлікті кәдімгі коммерциялық операциялар шеңберінен тыс пайдалануға және өткізуге тыйым салынады; борышкердің мүлкіне қатысты бұрын қабылданған соттардың шешімдерін, төреліктің шешімдерін, мемлекеттік кіріс органдарының, сондай-ақ борышкер меншік иелерінің, олар уәкілеттік берген органдардың немесе органдарының шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайдың моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптарды есепке алмағанда, адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін борышкер жауаптылықта болатын азаматтарға төленетін төлемдерге қатысы жоқ.

Борышкер берешегінің барлық түрі бойынша тұрақсыздық айыбын есепке жазу тоқтатыла тұрады; кредиторлардың борышкерге қоятын кез келген талаптары осы Заңда көзделген оңалту немесе банкроттық рәсімдері шегінде ғана қойылуы, сондай-ақ үшінші тұлғалар кепіл беруші болған жағдайларда, кепіл тұрғысында өндіріп алуға қойылуы мүмкін.

Сотпен іс қозғау туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың хабарламаларының тізіліміне енгізілген тұлғалар қатарынан уақытша басқарушы тағайындалады. Бұл кезеңде уақытша басқарушының басты міндеті ақпарат жинау болып табылады, сондай-ақ уақытша басқарушы бекітілген сату жоспарына сәйкес мүлікті өткізуге міндетті. Борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді оның төлем қабілетсіздігі белгілерінің бар не жоқ екендігін растау мақсатында бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік құжаттарының негізінде сот шешімі шығарылғанға дейін жинауды жүзеге асыруға міндеттеледі.

Сот Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және борышкердің тұрған жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын, белгіленген тәртіппен заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, оның ішінде соттың интернет-ресурсында да оңалту туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жариялауға міндетті. Хабарландыруды жариялау оңалту рәсімін қолдану туралы өтініш берген борышкердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Сот аталған талап бойынша азаматтық істі қарауды толық аяқтаған соң борышкерді банкрот деп танудан, оңалту рәсімін қолданудан бас тарту туралы; оңалту рәсімін қолдану туралы; банкроттық рәсімін тоқтату, оңалту рәсімін қолдану және оңалту жоспарын бекіту туралы немесе бекітуден бас тарту туралы шешім;борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып оны тарату туралы шешімнің күшін жою туралы немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы, сондай-ақ бітімгершілік келісімін бекіту және банкроттық рәсімін тоқтату туралы ұйғарым қабылдауы мүмкін.

Шешім қабылдағаннан кейін жұмыстарды басқару уақытша басқарушыға жүктеледі. Уақытша басқарушы банкроттың мүліктік массасын түгендеуді жүргізеді және кредиторлардың алғашқы жиналысына түгендеу туралы есепті ұсынады.

Н.ЕЛАМАНОВ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «**Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты**» **коммунальдық мемлекеттік мекемесінде** 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		№1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	
			Тапсырыс	

КҮРІШ ИНСТИТУТЫ ЖАҢАРАДЫ МА?

Сенатор Руслан Рүстемов өзінің депутаттық сауалында Қызылорда облысындағы су тапшылығы мәселелерін кешенді шешудің және аграрлық саладағы ғылыми зерттеулерді қолдаудың қажеттілігіне назар аударды. Оның айтуынша, климаттың өзгеруі мен су ресурстарының қысқаруы жағдайында өнімділікті сақтаудың жалғыз кепілді тәсілі - су мен ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу.

- «Күріш институты суармалы егіншілік жағдайында күріш, мал азықтық және басқа дақылдарды өсірудің ғылыми практикалық негіздемелерін жасап, дақылдардың алғашқы тұқым шаруашылығымен айналысып келеді. Алайда, институттың материалдық-техникалық базасы талапқа сай емес және осы мәселені бұған дейінгі депутаттық сауалдарда да жолдағанбыз», -деп атап өтті сенатор.

Сонымен қатар ол су тапшылығы мәселесін шешуге жәрдемдесу тек қаржылай қолдауды ғана емес, өңірдің аграрлық саясатында стратегиялық таңдау жасауды да талап ететінін айтты.

- «Арал өңірінің күрделі климаттық және экологиялық жағдайларына бейімделген, нақты ғылыми шешімдерге негізделген кешенді бастаманы жүзеге асыру мақсатында күріш институты әзірлеген ғылыми-техникалық тапсырма негізінде бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша мега-жоба дайындау үшін конкурс жариялауды; ғылыми жұмыстарды нәтижелі жүргізу және ғылыми кадрларды қалыптастыру үшін бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру жобаларының мерзімін 3 жылдан 5 жылға созуды сұраймыз», – деді Руслан Рүстемов.

Сенатор бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын әзірлеуге конкурс жариялауды, институттың материалдық-техникалық базасын жаңғыртуды, сондай-ақ селекционерлер мен жас ғалымдарға арналған ынталандыру жүйесін құруды ұсынды. Ол аграрлық саладағы ғылыми бастамаларды қолдау жүйелі әрі ұзақ мерзімді болуы тиіс екенін, бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және суармалы егіншілікті дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ: БЮДЖЕТТІҢ ӘРБІР ТИЫНЫ МАҢЫЗДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазалы ауданында кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті. Оған жауапты сала, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы бұрын аудан әкімі қызметінде болған Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлына алғыс білдіріп, жаңа қызметке сайланған Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлына сәттілік тіледі.

– «Бұған дейін Қазалы ауданының әкімі қызметін атқарған Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы Президент Әкімшілігінің келісімі негізінде облыс әкімінің орынбасары ретінде қызметін жалғастыруда. Мейрамбек Зинабдинұлы Қазалы ауданында 2 жылға жуық қызмет жасап, ауданның дамуына сүбелі үлес қосты.

Сайлау жүйесін демократияландыру – Президент реформаларының негізгі міндеттерінің бірі. Өңірімізде аудан өкімдерін сайлау 2023 жылы пилоттық негізде өткізіліп, Шиелі мен Сырдария аудандарының өкімдері сайланды. Күні кеше өткен саяси науқанда Қазалы ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Бекем бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады.



басшысының орынбасары, басқарма басшысы лауазымдарында нәтижелі қызмет етті.

2024 жылдың шілде айынан бастап «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарып келді.

Алмасбек Әбілқасымұлы - басшылық қызметтегі ұйымдастырушылық қабілеті мен тәжірибесі мол, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқаратын әлеуеті жоғары кадр. Президентіміздің, Үкіметтің алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындап, Өздеріңізбен бірге Қазалы ауданын одан әрі дамытуға, көркейтуге аянбай жұмыс жасайды деп сенеміз. Жаңадан сайланған аудан әкіміне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының реформалары мен бастамаларын жүзеге асыру бойынша

нақты әрі жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырамын.

Аудан халқы үгіт-насихат кезеңіндегі Сіздің уәдelerіңізге сеніп, қолдап дауыс берді. Сол себепті сайлауалды бағдарламанызда көрсетілген әрбір мәселенің оңтайлы, мерзімінде шешілуін қамтамасыз етіңіз. Біз, аудан халқы әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз.

Алдыңызда дамудың барлық макро-экономикалық көрсеткіші бойынша оң параметрлерге қол жеткізу міндеті тұр. Ауданға инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу мен кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған нақты жұмыс жүргізу қажет. Президентіміздің инвестиция тарту тапсырмасын орындау үшін инвесторлармен тиісті бағытты айқындау керек. Аудан өкімінің жұмысы инвестиция тарту индикаторының орындалуымен бағаланады. Қазіргі жағдайда бюджеттің әрбір тиыны маңызды.

Бұған дейін де басшылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған қызметкер ретінде аудандағы ресурстарды барынша қолданып, бюджет қаражатын толық әрі мерзімінде игеріп, жобалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етіңіз. Құқық қорғау органдарының басшыларына аудан әкімімен бірлесіп, жұмыс жасауды қатаң тапсырамын!», - деді Н.Нәлібаев.

Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы 1982 жылы дүниеге келген. Қызылорда гуманитарлық университетінде экономист, Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетінде зангер мамандықтары бойынша білім алған.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иеленген.

Әр жылдары Қарауыттобе ауылдық округінің әкімі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының, қалалық бірнеше бөлімнің басшысы, облыс әкімі аппаратында бөлім басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстық қоғамдық даму басқармасы

басшысының орынбасары, басқарма басшысы лауазымдарында нәтижелі қызмет етті.

Айта кетейік, 28 қыркүйекте өткен Қазалы ауданы әкімі сайлауының қорытындысын облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов жариялап, жаңадан сайланған аудан әкіміне куәлігін табыстады.

Актив отырысынан соң, аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағдары, алдағы жоспарлар туралы ой бөлісті. Қазалылықтар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан ЖАЗЫҚБАЙ: ОРТАҚ КӨЗҚАРАС ПЕН ОРТАҚ ҰСТАНЫМ БОЛУҒА ТИІС

Қызылордада Әдеп жөніндегі уәкілдердің республикалық форумы өтті. Форум жұмысына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов қатысты.

Басқосуда аймақтың жауапты сала басшылары, агенттік қызметкерлері, орталық мемлекеттік органдар мен өңірлердің, қала, аудан әкімі аппараттарының, облыстағы мемлекеттік органдардың Әдеп жөніндегі уәкілдері, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, зиялы қауым өкілдері де болды.

Н.Нәлібаев облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтіп, форум жұмысына сәттілік тіледі.

– «Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Өңіріміз негізгі макро-экономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындарда.

Мемлекет басшымыз «Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қызметшінің отаншыл, адал болуы және өз

"МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ" – АДАЛ АДАМ

Қызылорда аймағы басшысы Нұрлыбек Нәлібаев облыс активімен бірге Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаймен кездесті. Кездесуге Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Азамат Жолманов, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру бағытында атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– «Сыр өңірінің халқы Мемлекет басшымыздың, Үкіметіміздің барша бастамаларын қолдап келеді. Президентіміз «Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті, әрі аса жауапты міндет» деп атап өткен болатын.

Мемлекеттік қызметші – еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын, қоғамда адалдық пен әділеттіліктің үлгісін көрсететін халықтың айнасы. Жауапкершілігі жоғары салада Өздеріңізге жүктелген міндет пен жоғары сенімді ақтауда бар күш-жігерлеріңіз бен білімдеріңізді сарқып, ел-халыққа адал қызмет ете беруге шақырамын», – деді Н.Нәлібаев.

Актив отырысында Дархан Жазықбай мемлекеттік қызметті дамыту, кәсібилендіру, іріктеу процестерін жетілдіру, қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделін қалыптастыру бағытындағы кешенді шаралар туралы айтты.

АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫҢ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы Өнер орталығында «Жүйелі қайырымдылық: Тұрақтылық, серіктестік, мұра» тақырыбында IV Ұлттық қайырымдылық конференциясы өтті.

Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен 2022 жылы құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жыл сайын өңірлермен, ірі бизнес-субъектілерімен және коммерциялық емес ұйымдармен өзара іс-қимыл шеңберінде ұлттық қайырымдылық конференциясын өткізіп келеді. Басқосуға «Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТБ Президенті Бану Нұрғазиева, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, облыстық мәслихат төрағасы, жауапты сала басшылары, қор қызметкерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жыны басында аймақ басшысы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының өңір тұрғындарына көрсеткен қолдауы жайлы айтты.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу мақсатында құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатылып, бірлескен жобалар іске асып келеді. Қор құрылғалы бері 10 млрд. теңгеден астам қаржы аймағымыздағы маңызды әлеуметтік жобаларға бағытталды.

Атап айтсақ денсаулық сақтау саласына қаралған 4 млрд. 800 млн. теңгеге облыстық балалар ауруханасында, Жанакорған, Арал аудандарында «Қамқорлық» орталықтары ашылды. Арал ауданындағы орталық қызметін көрші Ақтөбе облысының, Жаңакорған ауданындағы орталық қызметін Түркістан облысының тұрғындары да пайдаланып, оңалту шараларымен қамтылды.

Қор қажетті дәрі-дәрмек алу, орталықтарды жабдықтау, медицина мамандарын шетелде оқытуға да қолдау көрсетті. Облыстық онкология орталығына құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын, республика бойынша 3 облыста ғана бар скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен табысталды. Кешен қазіргі таңда өңіріміздің шаңғай елді мекендеріндегі тұрғындарға үздіксіз қызмет етуде.

ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды», – деп атап өткен болатын.


Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған ұлттық жобаларды жүзеге асыруда, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуде мемлекеттік қызметшілер институты маңызды рөл атқаруда.

Агенттік мемлекеттік қызметтің сервистілік, клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделін қалыптастыру, кәсібилендіру, білік институттарын дамыту бағытындағы жұмыстарға бастамашы болып келеді. Бүгінгі жиынның маңыздылығын ескеріп, форум барысында тиімді ұсыныстар мен байыпты бастамалар талқыланатынына сенімдімін», – деді Н.Нәлібаев.

Д.Жазықбай мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет екенін айтып, маңызды бастамаларға тоқталды.

– «Барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ұстаным болуға тиіс. Бұл – ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу, яғни, кез-келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным.

Мемлекет басшысының бастамаларын сапалы жүзеге асыруда мемлекеттік қызметшілер шешуші рөл атқарады», – деді Агенттік төрағасы.



Жиында Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында елеулі еңбек еткен ардагерлерге Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі табысталды.

Биыл маусым айында сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру функциялары мен өкілеттіктері Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне берілді.

сөйлеп, қор қызметінің маңыздылығына тоқталды.

– «Жүйелі қайырымдылық – бұл уақытша шара емес, ұзақ мерзімді өзгерістерге жол ашатын нақты іс. «Қазақстан халқына» қоры үшін бұл – адамдардың өмірін өзгертетін, болашаққа үміт сыйлайтын тұрақты жобалар. Біз мемлекет, қоғам және бизнес әріптестігі арқылы ғана шын мәнінде елеулі нәтижелерге қол жеткізе аламыз. IV конференция – бұл үш жылдық еңбектің қорытындысы ғана емес, жаңа кезеңнің бастауы. Бұл – тәжірибе алмасу, бірлескен шешімдер іздеу және қордың өңірлерге көрсеткен нақты көмегін таныстыру аланы. Мұның барлығы келер ұрпақтың мұрасына айналады», – деп атап өтті.

Айтулы шараға еліміздің барлық өңірінен келген 500-ге жуық делегат қатысты.

Конференция мазмұны «Тұрақтылық», «Серіктестік» және «Мұра» атты үш негізгі бөлімнен тұрады, әрбір бөлім жүйелі қайырымдылықтың маңызды бір қырын ашып көрсетуді қамқат еткен. Қордың қолдауына ие болған 12 азамат өз оқиғалары туралы, игі істің өмірінде, ұжымында қандай оң өзгерістерге жол ашқанын айтып берді.

"Өнер" орталығының фойесінде өткен «Қазақстан халқына» қоры жобаларының көрме-жәрменкесі білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау саласындағы бастамаларды біріктірді. Қонақтарға жаңа жабдық қана емес, өзгерістердің нақты нәтижелері көрсетілді.

Бүгінде қордың және облыстық бюджеттің қаржысына қаламыздың сол жағалауында құны 2 млрд. 900 млн. теңге болатын мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқынды жүруде. Нысан алдағы қазан айында пайдалануға беріледі.

Келесі жылы 6 спорт мектебі жабдықталады. Мүгедектігі бар балалар мен жастар инновациялық протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз етілді. «Үй жағдайында мүгедектігі бар балаларды оңалту» жобасы аясында 283 млн. теңгеге 95 құрал-жабдық сатып алынды. Қармақшы ауданындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін «Дәмектен Ана» орталығының материалдық базасы нығайтылды. Бүгінде орталықта оңалту қызметін алатын 30 бала бар.

Қызылорда облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ә.ӘБДІҚАЙЫМОВА: Тұмаудың эпидмаусымы жақындады: ҚАЛАҰ САҚТАНУ КЕРЕК?

Қазір жаздың аяқталып, күздің қоңыр салқындарының басталған уақыты. Ауа райы да құбылмалы болатын кез. Сәйкесінше күз, қыс, көктем – жедел респираторлы вирусты инфекциялардың, тұмаудың белең алатын эпидмаусымы.

Қызылорда облысында 2025 жыл басынан бері жедел респираторлы вирусты инфекцияға 79 839 адам шалдыққан. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар үлесі – 63%. Тұмау ауруы 35 адамнан анықталды, оның 25-сі – 14 жасқа толмаған балалар арасында тіркелді. ЖРВИ бойынша аурушандық көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда **2,6 пайызға төмендеген**.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл АБУБАКИРОВА:

- Жіті респираторлық вирустық инфекциялар - тұмау, парагрипп, аденовирус және респираторлық-синцитиальды вирустардан туындайтын, ауа-тамшылары арқылы таралатын аурулар тобы. Инфекция жөтелгенде, түшкіргенде және тұрмыстық байланыс арқылы жұғалды. ЖРВИ мен тұмаудың алдын алудың негізгі жолы - вакцинация. Биыл облысқа тегін егуге 85 мыңнан аса доза вакцина жеткізілді. Ол алдымен диспансерлік есептегі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және қарттарға салынады. Айта кетейін, аймақта вакцинациялау жұмыстары басталды, - деді Жаңыл Исақызы.

2025 жылғы 22 тамызда Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Тұмау, жіті респираторлық вирустық инфекциялар және коронавирус инфекциясы бойынша 2025-2026 жылдардың эпидемиялық маусымында санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы» Қаулысы шықты.

Қаулыға сәйкес ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлеріне маска кию режимі енгізіледі, медициналық ұйымдарда дезинфекциялық режим, ұйымдасқан ұжымдарда профилактикалық шаралар мен жылу ережелерінің сақталуын мониторингілеу күшейтіледі.

Эпидемиологиялық кезеңде ахуал күрделеніп, ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылықтың көтерілуі кезеңінде:

- жалпы білім беру ұйымдарында бір инкубациялық кезең ішінде бір сыныптағы оқушылар арасында 20-дан 30%-ға дейін ЖРВИ ауруы тіркелген кезде кабинеттік оқыту жүйесі тоқтатылады және күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңа балаларды қабылдануға тыйым салынады;
- бір инкубациялық кезең ішінде сыныптағы оқушылар арасында жалпы саны 30% және одан артық ЖРВИ-мен ауырғандар эпидемиялық процесте тартылған жағдайда, оқушыларды онлайн оқытуға ауыстырылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықты тұмаудан қорғаудың жалғыз және тиімді әдісі ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынады. Осы мақсатта тұмаудың эпидемиологиялық тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету бағытында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл облыстық бюджеттен тұмауға қарсы 85 006 доза вакцина сатып алынуда қаражат бөлінді. Тұмауға қарсы имундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі. Олар – қауіпті топқа жататын медицина қызметкерлері, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған науқастар, жүкті әйелдер және балалар үйінің, сәбилер үйінің балалары, қарттар үйінің контингенті. Сондай-ақ, эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Осы аталған контингентте қамтылмаған адамдар екпені ақылы түрде салдыруына болады.

Жұмыс орындарында ұжымдық имунитетті қалыптастырудың маңызы зор. Тұмау мен оның асқинуларының алдын алу үшін ауруға байланысты ұзақ мерзімді жұмысқа қабілеттілігін жоғалту мен ауруханаға жатқызуды болдырмау, ағзаны асқинулардан қорғау мақсатында жұмысшылар мен қызметкерлерге вакцинациялауды ұсынамыз.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ЖРВИ және тұмаудан сақтану үшін вакцина алуға, жеке бас гигиенасын орындауға кеңес береді. Сондай-ақ, эпидмаусым кезінде көпшілік орындарда, нашар желдетілетін жерлерде және аталған инфекциялардың клиникалық белгілері бар адамдармен араласқанда бетперде киіп, арақашықтықты сақтау, қолды жиі сабындап жуып, антисептиктерді пайдалану да маңызды. Бұл сақтық шаралары тек тұмау мен ЖРВИ-дан ғана емес, өзге де инфекциялық ауруларды жұқтырып алу қаупін төмендетеді.

(Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында өткен брифингтен)

БЕКПАНОВТЫ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына іс сапары барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, “Құрмет” орденінің иегері Оразғали Бекпановты 85 жас мерейтойымен құттықтады. Жиынға облыстық мәслихаттың төрағасы, ардагерлер, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы еңбекті елеу, азаматқа лайықты құрмет көрсету, халық болып ризашылық таныту елдіктің белгісі екенін атап өтіп, мерейтой иесіне құттықтауын жеткізді.



– «Сыр өңірі – құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы үзілмеген қасиетті мекен. Еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған еңбек адамдарынан кенде емес. Туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарған жандардың ерен еңбегі, қалтқысыз адал қызметі бізге қашанда үлгі.

Биыл ел ағасы, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекпанов Оразғали Достанұлы 85 жасқа толды. Ол еңбек жолын 1959 жылы вагон депосында қарапайым слесарь болып бастаған. Теміржол училищесінде шебер, директордың орынбасары, директоры, Жаңақазалы поселкелік кеңес атқару комитетінің төрағасы, Өйтеке би кентінің әкімі лауазымдарында болды. Кент әкімі кезінде аудан орталығының әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты.

Оразғали Достанұлы зейнетке шықса да, қоғамдық өмірге белсене араласып, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметінде елді бірлікке үндеп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие көрсетіп келеді.

Сыр жұртшылығы аймақтың дамуына үлес қосқан, елдің ыстық ықыласына бөленген өздеріңіздей жерлестерімен мақтанады. Тілеулес азаматтардың атынан мерейтойыңызбен шын жүректен тағы да құттықтаймыз! Жастарға жол көрсетіп, әрқашан игі істердің басында жүргейсіз. Мерейлі сәтте Өзiңiзге мықты денсаулық, жақындарыңызға амандық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін,» – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жиында облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазалы ауданының Құрметті Азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Өлімбай Қасқырбай құттықтау сөз сөйлеп, ақжарма тілектерін білдірді.

АЛАЯҚТАН АМАЛ АРТЫЛҒАН БА?..

Қызылорда облысы полиция департаментінің киберқылмыспен күрес басқармасы бастығының орынбасары Тимур Хамитов Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында брифинг берді. Цифрлық технология заманында интернет алаяқтық өршіл тұрғаны шындық. Қарапайым тұрғындар қанша алданбаймын дегенменен алаяқтар әралуан айла-амалдар тауып, алаяқтық жолмен алынған несиені жұрттың мойнына іліп қояуда. Осы ретте басшы орынбасары облыста киберқылмысқа қарсы жасалып жатқан жұмыстар барысын баяндады.



Қазіргі уақытта интернет пен цифрлы технологиялардың үздіксіз дамуына байланысты интернет алаяқтық қылмыстары қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналып отыр және оның түрлері де күн сайын кең таралып келеді.

Интернет алаяқтықтың басқа қылмыстарға қарағанда басты ерекшелігі – жалпақ жұрттың бөріне қатысты жасалуында болып отыр. Ол дегеніміз - компьютер, смартфон, планшет бар адам кез-келген уақытта интернет алаяқтардың құрбанына айналуы мүмкін.

Қылмыскерлер уақыт талабынан қалмай, азаматтардың ақшалай қаражатын жымқырудың түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануда. Әсіресе, олар әлеуметтік желілердің мүмкіндігін ұтымды пайдаланып отыр.

Жыл басынан бастап 298 дерек тіркеліп, ол жалпы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 37,3 пайызын құрап отыр (жалпы-798).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 212 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікте шешім қабылданып, Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190-бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Алаяқтық қылмыстарының бірнеше түрлері бар. Атап айтатын болсам:

- жұмысқа орналастырып беремін;
- жер алып беремін;
- пәтер алып беремін;
- үй алып беремін;
- несие алып беремін;
- жүргізуші куәлігін алып беремін;
- диплом алып беремін;
- жоғарғы оқу орынына түсіріп

беремін;

- лицензия алып беремін;
- сертификат алып беремін;
- медициналық комиссиядан өткізіп беремін;
- мүгедектікке шығаруға көмектесемін;
- жихаз жасап беремін;
- емдеу мекемелеріне тегін жолдама алып беремін.

Жыл басынан бастап облысы

телефонға жіберлген кодты сұрап алып, жеке деректерге қол жеткізеді;

- өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, атыңыздан несие алып жатқанына немесе онлайн-банкті бұзып жатқанына сендіріп, ақшаны арнайы шотқа салуды талап етеді;
- түрлі әлеуметтік желілер мен мессенджерлер акцияға инвестиция салудан жылдам түсетін кірісті жарнамалайды;
- Whatsapp әлеуметтік желісі арқылы жақын таныстарыңыздың фотосуреттерін пайдалану арқылы қарызға ақша сұрайды;
- «WhatsApp» желісінде пайызды мөлшермен үстемақыны көбейту секілді смс хабарламаларға алданып, көрсетілген есеп-шоттарға ақша аударып;
- инстаграм, олх желілері арқылы тұрмыстық заттарды сату-жеткізу парақшаларын ашып, алдын ала ақшасын тиісті есеп-шотқа аудартып алады;

Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алаықтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне улаңғән нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн. Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн.

(Биылғы Жолдаудан)

мызда 118 интернет-алаықтық дерегі бойынша қылмыстық істер тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесімен 41 қылмыстық іс өндірістен аяқталып, түпкілікті шешім қабылданған.

Қазіргі уақытта өңірімізде ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері:

- ұялы байланыс операторы ретінде таныстырып, сим картаңыздың жарамдылық мерзімінің өткендігін ескертіп, мерзімін ұзарту үшін ұялы

QazaqGaz Aймақ Қызылорда өндірістік филиалы директорының міндетін атқарушы Мұрат БЕКТІБАЕВ:

ЖЕҢІЛДІК АЛУДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

Отандастарымыздың өмірін жеңілдетуге арналған екі цифрлық сервис туралы айтып бергім келеді. Бұл – «Әлеуметтік әмиян» және «QazaqGazAймақ» акционерлік қоғамы әзірлеген мобильді қосымша.

Бірінші әлеуметтік әмиян туралы:

«Әлеуметтік әмиян» - бұл EGOV Mobile қосымшасындағы сервис, ол атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін (АӘК және ЖК) алушыларға электрондық ваучерлер түрінде тауарлық газға жеңілдік алуға мүмкіндік береді.

Бұл тұрғындар үшін ыңғайлы:

- себебі смартфон арқылы ваучерді толығымен онлайн алуға және белсенді етуге мүмкіндік береді;
- аталмыш шара Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің және «QazaqGazAймақ» компаниясының базаларынан алынған деректерді автоматты түрде назарға ала отырып, азаматтарды қағаз анықтамаларды жинау мен оны тиісті орындарға өткізуден босатады;
- құту уақытын қысқарту және қателерді азайту арқылы процедураның ашықтығы мен қарапайымдылығын қамтамасыз етеді.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап тырнақалды бастама Қазақстанның барлық аумағына сәтті таралды.

204 мың текше метр газ көлеміне жалпы сомасы 2,6 млн. теңгеге 9,5 мыңнан астам ваучер берілді. Өкімдіктер 7,2 мыңнан астам ваучерді қолма-қол іске қосты. «Әлеуметтік

әмиян» сервисі арқылы 2,3 мыңға жуық ваучер дербес іске қосылды.

Осылайша «Әлеуметтік әмиян» жеңілдік алу процесін оңайлатып, оны жылдам, қолжетімді және әр отбасы үшін ыңғайлы етеді. Qazaq GazAймақмобильді қосымшасы газды есептеу құралдарынан деректерді ыңғайлы және жылдам беруге арналған.

Тұрғындар үшін ыңғайлы. Себебі көрсеткіштерді бақылаушының келуінсіз және байланыс орталығына қоңырау шалусыз жіберуге мүмкіндік береді. Смартфон арқылы кез келген уақытта және кез келген жерден қолжетімді. Деректерді автоматты түрде бекіту және дұрыстығын тексеру арқылы қателерді азайтады. Есептеулердің ашықтығын қамтамасыз етеді және берілген көрсеткіштердің тарихын бақылауға мүмкіндік береді.

Осылайша тиісті қолданба оқу процесін жеңілдетеді, уақытты үнемдейді және қызмет көрсетуді қолжетімді және заманауи етеді.

Қазіргі уақытта 157 мыңнан астам адам қосымшаны жүктеп алып, жеке шоттарын оған енаізді және тек тамыз айында 60 мыңнан астам көрсеткіш берілді.

QazaqGaz Aймақ мақсаты - цифрлық технологиялар ер отбасына көмектесіп, уақыт үнемдеп, күнделікті өмірде жайлылық туғызуы.

(Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңындағы брифингтен)

УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ ҚАУПІ КӨБЕЮДЕ

QazaqGaz Aймақ Қызылорда өндірістік филиалының “Апатты-диспетчерлік қызметінің бастығы Базарбек Ерімбетов:

- «QazaqGaz Aймақ» АҚ ауа-райының өзгеруіне және жылыту маусымының басталуына байланысты улы газбен улану қаупі артқанын ескертеді. Өкінішке орай, статистика бойынша жыл сайын табиғи газды тұтынушыларға бұл ескертулерге немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Газ қызметкерлері үшін анықталған нәрсе – орын алған қайғылы жағдайлар, негізінен, газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан болады. Оған себеп - зардап шеккендердің жылыту құралдарын пайдалануға немқұрайлы қарауы, оларды өз бетінше қосуы, құрастыруы немесе орнын ауыстыруы, қолдан жасалған газ жабдықтарын пайдалануы, тамақ дайындауға арналған газ жабдығымен үй-жайларды жылытуы, техникалық қызмет көрсетуді орындамауы, мұржаның түтін тартуын тексермеуі.Ауа желдетілуі жеткілікті қамтамасыз етілмеген үй-жайда, терезелер, желдету арналары жабық кезде, кіріпші, сылақ тығыздығы бұзылған кезде газ аспаптарын пайдалану нәтижесінде газ түтіні сыртқа шықпай, үй-жайда улы газ жиналады. Улы газдың өте аз мөлшерінің өзі қанмен тез араласады, адам тез уланады. Бөлмеде 0,5% улы газ жиналса болды, осы мөлшердің өзі 20 минуттан кейін адамның жүрегі тоқтайтындай уландырады. Сондықтан мұржа мен желдету арналарының дұрыс жұмыс істеуі - сіздің қауіпсіздігіңіз бен денсаулығыңыздың кепілі,- деді Базарбек Өтебекұлы.

(Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңындағы брифингтен)

жабдықталып, қылмыс ашу бағытында жұмыстарды атқаруда.

Ішкі істер органдарына бақылау жасау құзыреті берілмеген. Дегенмен қылмыстық құқық бұзушылық деректері бойынша арыз-шағым болған жағдайда қылмыстық іс тіркеліп, заң жүзінде тиісті шешім қабылданады.

Интернет алаяқтықтың құрбанына айналып жатқандардың, әсіресе өздерін банк қызметкеріміз деп таныстыратындарға алдануы соңғы кезде жиілеп кетті. Интернет алаяқтықтың бұл тәсілінің де өзіндік желісі бар. Алдымен қылмыскер жәбірленушіге хабарласып, өзін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырады. Осыдан кейін ол жәбірленушіге оның атындағы есепшотқа шабуыл жасалғаны, болмаса төлем картасындағы қаржысын біреулердің жымқырмақ болғанын айтып, кейін оны өзі айтқан «қауіпсіз» есепшотқа аудартып алады. Алаяқтар құрбандарына хабарласқанда TeamViewer немесе AnyDesk деп аталатын арнайы бағдарламаларды жазып алуға кеңес береді. Ал қылмыскерлердің әр сөзіне сеніп отырған адам мұны бір минутқа жеткізбей телефонына жүктеп алғаннан кейін, қылмыскер банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде код жіберіп, оны өзіне айту қажеттігін айтады. Осыдан кейін алаяқ жәбірленушінің құрылғысына қашықтан кіре алады. Мәселен, ұялы телефондағы банк қосымшасына кіріп, бүкіл қаржыны басқара алады, депозиттегі ақшаны толығымен шешіп алып, тіпті банкке онлайн өтініш қалдырып, кез-келген сомада несие рәсімдей алады. Ақша түскеннен кейін бүкіл қаржыны өзінің қауіпсіз шотына аударып жіберу олар үшін аса қиын емес, осыған орай, қала тұрғындарына күдікті қоңырау мен хабарламалар келгенде бірден банкке хабарласуға кеңес беремін. Егер сізге белгісіз біреулер хабарласып, қандай да бір банктің атын атап, банк карточкасы жайлы ақпарат, немесе басқа да жеке мәліметтерді сұраса, ең алдымен сол банктің сенім телефондарына қоңырау шалып, ақпараттың рас-өтірігін анықтап алуларыңызды сұраймын.

ҮЗДІКТЕРГЕ 19 ТЕХНИКА БЕРІЛДІ

Қызылордада “Еңбек күні” қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы “Өнер” орталығында «Адал еңбек – адал азамат» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Оған Парламенті Сенатының депутаты Н.Байқадамов, Мәжіліс депутаты М.Әбенов пен құқық қорғау органдарының басшылары, қала, аудан әкімдері, еңбек ардагерлері, зиялы қауым, шаруашылық өкілдері қатысты.

Салтанатты жиында аймақ басшысы «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жеңімпаздарына 19 арнайы коммуналдық техника және қаржылай сыйақы табыстады.

- «Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы өңірімізде қарқынды жүзеге асуда. Қаламыздағы, аудан орталықтарындағы, ауылдардағы парктер, скверлер мен аллеяларды, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандырудамыз. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, тынымсыз еңбек еткен жерлестеріміздің арқасында облысымыз таза әрі көркем аймаққа айналып келеді.

«Ауыл – ел бесігі», - деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ауылды дамыту – мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі.

Елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауылдағы ағайынның өмір сапасын жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, ауылдағы көркейту-көгалдандыру жұмыстарын ынталандыру мақсатында 2023 жылдан бастап дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде.

Биыл 564 млн. теңгеге 19 техника сатып алынды. Әр аудандағы бір ауылды абаттандыру, көркейту жұмыстарына 100 млн. теңгеден астам қаржы беріледі.

Ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуге бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасады. Келер жылы конкурсты өткізуге облыстық бюджеттен 500 млн. теңгеден астам қаржы бөлінеді.

Бірліктің туын биік ұстап, туған жеріміздің келбетін көркейту жолында аянбай қызмет етіп жүрген еңбек адамдарын әрдайым құрметтейміз!», - деді Н.Нәлібаев.



Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Үлгілі елді мекен» конкурсының «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша 1-ші орынды Сырдария ауданының Нағи Илиясов ауылы, 2-ші орынды Арал ауданының Қызылжар ауылы, 3-ші орынды Қармақшы ауданының Ақжар ауылы жеңіп алды.

«Үлгілі аудан» номинациясы бойынша 1-ші орынды Шиелі кенті, 2-ші орынды Өйтеке би кенті, 3-ші орынды Жаңақорған кенті иеленді.

Трек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржыландыруға 15 млн.теңгенің сертификаттары табысталды. Атап айтсақ, Арал ауданының Ақбай, Қазалы ауданының Бөзкөл, Қармақшы ауданының Қуандария, Жалағаш ауданының Жаңадария, Сырдария ауданының Іңкәрдария, Шиелі ауданының Майлытоғай және Жаңақорған ауданының Қыраш ауылдарына берілді.

Сонғы екі жылда конкурс жеңімпаздарына 1 млрд. 500 млн. теңгенің күнделікті ел тұрмысына қажетті заманауи үлгідегі 48 арнайы техникасы табысталды.

“ҚЫС ШАНАСЫН ЖАЗ САЙЛАДЫ...”

Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында аймақтың қысқа дайындық барысын баяндаған брифинг өтті. Соңғы жылдары жылуға, жалпы қыстың күні қолайсыздыққа, жайсыздыққа шағымданған тұрғындар жоқтың қасы. Әрине, мұның барлығы Үкіметтің, жергілікті биліктің “қыс шанасын жаз сайлағанының” нәтижесі.

Облыс бойынша алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес жүргізілуде. Ағымдағы жылы жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13,5 млрд.теңге қаржы жоспарланған. Республикалық бюджеттен 5,0 млрд. теңге, Үкімет резервінен 2,5 млрд. теңге, облыстық бюджеттен 5,6 млрд. теңге, ҚКЭО кәсіпорынының өз қаржысы есебінен 364 млн.теңге қысқа дайындыққа жұмсалуда.

ЖЭО бойынша
Қызылорда жылу электр орталығының Оңтүстік қазандықтың БОНО ЭНЕРДЖИ маркалы үш бу қазандығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға Үкімет резервінен 2,5 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 1,3 млрд. теңге бөлінді.

Жобаның келісім шарт құны – 6,5 млрд. теңге; Мердігер мекеме – «Азияэнергосервтомонтаж» ЖШС; 2024 жылы 2,7 млрд. теңге қаржы бөлініп, химиялық су тазарту цехы және насостар ауыстырылды.

Бүгінгі күнге 1 қазандық орнатылып, жалпы қазандықтардың насос қондырғылары орнатылған. Қалған 2 қазандық нысан басына жеткізіледі. Бұл жұмыстар 10 қазанға дейін толық аяқталады.

Жергілікті бюджет және кәсіпорын қаржысы есебінен 1 генераторды және 4 күштік трансформаторды жаңғырту, 10 бу қазандықтары мен 21 автономды қазандықтарға жөндеу жұмыстары жүргізу жоспарланған. Бүгінгі күнге 35 кВ ашық тарату қондырғысы (ОРҰ-35 кВ) жөндеу жұмыстары жүргізілуде, қалған негізгі жабдықтардың жұмыстары толығымен аяқталды. Жалпы бүгінгі күнге жұмыстар **92 пайызға** орындалды.

Облыс бойынша жылу желілерінің ұзындығы 217 шақырымды құрайды. Желілердің

тозу деңгейі 42 пайызға жеткен. Биылғы жылы 8,7 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға бюджеттен 6 жобаға 3,6 млрд.теңге бөлінді. Бүгінгі күнге, жоспарланған 8,7 шақырым жылу желілерінің 6,5 шақырымы, немесе 75 пайызы ауыстырылды.

Құрылыс жұмыстары 5 қазанға дейін аяқталатын болады.

Бөлінген қаржы – 3,6 млрд. теңге (РБ – 1,4 млрд. теңге, ОБ – 2,2 млрд. теңге)

Изерілген қаржы: 2,7 млрд. теңге немесе 75 пайыз (РБ – 1 404,2 млн. теңге, ОБ – 1 276,3 млн. теңге)

1. «Қызылорда қаласында ТК-28-ден ТК-38-ге дейін магистральдық жылу желілерін реконструкциялау» - мердігер «Мелиоратор»;

Жоба бойынша 1,43 шақырымның 0,8 шақырымы немесе 56 пайыз;

2. «Қызылорда қаласында ТК-21-ден ТК-25-ке дейін магистральды жылу желілерін реконструкциялау» - мердігер «СК Мегерон» ЖШС-гі;

Жоба бойынша 0,23 шақырымның 0,10 шақырымы немесе 43 пайыз;

3. «Қызылорда қаласындағы ТК-42-ден Бектұрғанов көшесі №30, Есенов көшесі №17а, №30, Абай даңғылы №32, 27а, 20б, 34а, 36, 36А, 15а, Мұратбаев көшесі №17, 15 Тұрғын үйлерге және №198 орта мектепке дейінгі кварталаралық жылу желілерін реконструкциялау»- мердігер «Самат - Мұнай» ЖШС;

Жоба бойынша 1,34 шақырымының 1 шақырымы немесе 75 пайыз;

4. «Қызылорда қаласындағы ТК-3 сол жақтан №10 орта мектепке дейінгі кварталаралық жылу желілерін реконструкциялау» - мердігер «Механизатор К» ЖШС;

Жоба бойынша 1,43 шақырымының 1,1 шақырымы немесе 77 пайыз;

5. «Қызылорда қаласындағы АБКҚ-1-ден Сырдария м/а №1-23 тұрғын үйлері және №264 орта мектепке дейінгі кварталаралық жылу желілерін реконструкциялау» – мердігер «Ақмешіт - Мелиоратор» ЖШС;

Жоба бойынша 1,63 шақырымның 1,4 шақырымы немесе 86 пайыз;

6. «Қызылорда қаласындағы С.Маханов көшесі бойындағы ТК-1- ден бастап Наурыз шағынауданындағы №2-31А және Қызылорда қ. Амангелді көшесіндегі

№63-65 тұрғын үйлерге дейінгі кварталаралық жылу желілерін реконструкциялау» - мердігер «Асанас Дар» ЖШС;

Жоба бойынша 2,68 шақырымның 1,8 шақырымы немесе 70 пайыз;

Қызылорда жылу электр орталығының негізгі отыны – газ. Резервтік отыны – мазут.

2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымына нормативтік эксплуатациялық мазут отынның қоры 4 233 тоннаны құрайды.

Сонымен қатар қаламыздағы автономдық блоқты модульдік қазандықтардың резервтік отынын қалыптастыруға 77,7 тонна дизель сатып алуға қосымша 32,7 млн.теңге қаржы бөлінді.

Электр энергиямен қамту желілерін жаңғыртуға биылғы жылы 5,9 млрд.теңге бөлінді.

Аталған қаржыға өңірдегі 280 шақырым электр желілері мен 87 қосалқы станцияны жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда Қызылорда электр тарату тораптары бойынша 43,81 шақырым күрделі және 15,97 шақырым ағымдағы жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды. 23,4 шақырым 35 кВ ЛТ-33, ЛТ-34, ЛТ-31А, ЛТ-32А әуе желілерінің қайта жаңғырту жұмыстары орындалуда. 196,82 шақырым әуе желілерінің аудандарда жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту жұмыстары 90% аяқталды.

Облыста 1079 әлеуметтік нысан бар, оның ішінде 544 білім беру, 247 денсаулық сақтау, 288 мәдениет және спорт нысандары. Бүгінгі күнге нысандар жылу беру маусымына толық дайын.

Алдағы жылу беру маусымына облыс бойынша барлығы 139 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде халық үшін 117 мың тонна, әлеуметтік нысандар үшін 22 мың тонна. Бүгінге облысқа 30,6 мың тонна көмір жеткізілді. Облыс көлемінде 19 өңірлік оператор, оның ішінде *6 ЖШС мен 13 кәсіпкер* жұмыс жасап, көмір бағасы маркаларына және жеткізу қашықтықтарына сәйкес 17 - 26 мың теңге аралығында сатылуда.

(Қызылорда облыстық Энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы М. Усайынның брифингінен)

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыс әкімдігі және өңірлік Азаматтық Альянсы, Қазақстанның Азаматтық Альянсымен бірлесіп ұйымдастыруымен «Ауылдық аймақтарды дамытудағы азаматтық қоғамның рөлі» атты азаматтық форум өтті.

Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов, Қазақстанның Азаматтық альянсы президенті Бану Нұрғазиева, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Жанаргүл Әлжанова, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, Орталық Азиядағы Еуразия қорының директоры Ринад Темірбеков, еліміздің бірқатар өңірінен келген азаматтық қоғам өкілдері мен жауапты сала басшылары қатысты.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ БАС ҚОСТЫ

Аймақ басшысы азаматтық сектор халық пен биліктің арасында алтын көпірге айналған ортақ алаң екенін айтты.

– «Бүгінде еліміздің дамуын айқындайтын көрсеткіштердің бірі – азаматтық сектор. Мемлекеттің табыстылығы үкіметтік емес ұйымдардың жемісті әрі тиімді қызметіне тікелей байланысты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кенінен қолдану қажет»,– деп атап өткен болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аймағымызда 15 қоғамдық ұйым болса, бүгінде олардың қатары мыңға жуықтады. Оның 300-і өңіріміздің қоғамдық-

саяси, мәдени-рухани өміріне белсенді араласуда. Бұл қоғамда азаматтық жауапкершілік пен белсенділіктің артқанын айқын көрсетеді.

Барлық ауданда үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер, жүзеге асырылатын жобалардың тиімділігі мен өзектілігін бағалайтын сарапшылық топтар жұмыс істейді. Әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялардың жұмысына 190 үкіметтік емес ұйым өкілі белсенді қатысады.

Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс арқылы азаматтық қоғам институттарына қаржылай қолдау көрсетіліп келеді. 2023-2025 жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында бюджеттен 3 млрд. 684 млн. теңге қаражат бөлініп, 427 әлеуметтік жоба іске асырылуда, 3 мың адам жұмыспен қамтылған. Әлеуметтік жобалардың 200-

ге жуығы ауыл тұрғындарының қатысуымен ұйымдастырылды. Басым бөлігі халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге, қоғамдық келісімді, ұлттық бірлікті нығайтуға, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге бағытталған.

Қоғамдық қауымдастықтың көшбасшылары ретінде бәріңізді Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құру жолында халықтың бірлігін арттыруға, егемен еліміздің жарқын болашағына бірлесе қызмет етуге шақырамын!», – делі Н.Нәлібаев.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРДАГЕРЛЕРІ АЙАҚТАР

Басқосуда Н.Байқадамов, М.Әбенов, Р.Темірбеков, Л.Шыңғысбаева, Ж.Әлжанова, Б.Нұрғазиева, А.Ізден сөз сөйлеп, азаматтық қоғам институттарының маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ, өңірдің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан азаматтарға облыстың Құрмет Грамотасы, облыс әкімінің, Қазақстанның Азаматтық альянсы төрайымының Алғыс Хаты табысталды.

Форумға дейін Сырдария ауданының Нағи Илиясов, Бесарық ауылдарында секциялық отырыстар өткізілді. Онда ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту, қоғамдық бақылау жүргізуге үкіметтік емес ұйымдарды тарту мәселелері қозғалды. УЕҰ туралы жана заң жобасы талқыланып, тиісті ұсынымдар қабылданды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРДАГЕРЛЕРІ АЙАҚТАР



орнатылып, 15 сотталушы жұмыспен қамтылды.

«Dalatex» ЖШС-не мекеменің өндірістік аймағынан үй-жай беріліп, 20 тігін машинасы орнатылды. Онда 20 сотталушы тұрақты жұмысқа тартылды.

Сонымен қатар облыс әкімі сотталушы азаматтардың қолдан жасаған ағаш өнімдерінің көрмесімен танысты. Бұл жерде түйеқұс, күрке тауық және басқа да құстарды өсіріп, баптау да қолға алынған.

ЕҢБЕК АДАМЫ МАРАПАТТАЛҒАН КҮН

Қызылордадағы Өнер орталығында “Жұмысшы мамандықтар жылы” аясында Еңбек күніне арналған «Адал еңбек – адал азамат» атты салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов пен М.Әбенов, жауапты сала басшылары, қала, аудан

Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева бастаған Сырдың батыр аналарының қажырыл еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Алдыңғы буынның өнегелі ізін жалғап, Тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған Роза Бағланова, Өбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Жұмаділдаев, Юрий Пя,



әкімдері, еңбек ардагерлері, зиялы қауым, шаруашылық өкілдері қатысты. Салтанатты шарада аймақ басшысы Н.Нәлібаев қажыр-қайратын еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсаған нағыз еңбек адамдары барлық құрметке лайық екенін атап өтті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккеш және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді.

Бұл - экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіпорінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам.

Ұлтымыздың ұлы мұраты жолында, еңбек майданында ата-бабаларымыз тер төкті. Олардың арасынан 1792 Социалистік Еңбек Ері шықса, 102-сі - Сыр өңірінің еңбеккерлері.

Өз мектебін құрып, шәкірт тәрбиелеген, Сыр күрішінің даңқын асқақтатқан дала академия, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың, Сәлима Жұмабекованың орны ерекше. Осындай ұлы ұстаздың тәлімін алған, бала тәрбиелеп, ұлтжандылықпен қызмет атқарған Шырыңкүл

Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев сынды жерлестерімізді әрдайым мақтан етеміз.

Егемен еліміздің жарқын болашағы жолында Отанымызға адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу – біздің қастерлі міндетіміз!

Баршанызды мерекемен тағы да құттықтап, облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сыр жұртшылығының, Өзімнің атымнан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін», - деді Н.Нәлібаев.

Еңбек адамдарын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған шарада әр номинация бойынша қаржылай сыйақы табысталды. Атап айтсақ, «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас маманы» номинациялары жеңімпаздарына 1-ші орынға 500 мың теңге, 2-ші орынға 300 мың теңге, 3-ші орынға 200 мың теңгеден сыйақы берілді.

Сала үздіктеріне, яғни коммуналдық және басқа да салаларда қызмет ететін 15 маманға облыс әкімінің Алғыс хаты және 500 мың теңгенің сертификаты табыс етілді.

Сонымен қатар өз саласының үздігі деп танылған 15 еңбек майталманына облыс әкімінің Алғыс хаты, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығының шипажайға жолдамасы ұсынылды.

Сұрағым бар...

БАНК ОМБУДСМАНЫНА ҚАЛАЙ ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Егер несие бойынша банкпен келіспеушілік туындап, оларды өзара шеше алмасаңыз, банк омбудсманына жүгінуге болады. Ол қарыз алушылар мен банктерге өзара ымыраға келуге көмектесетін делдал ретінде әрекет етеді.

Омбудсанның қызметтері – тегін. Оның басты мақсаты – тараптар арасындағы өзара тиімді шешімге қол жеткізу.

- Банк омбудсманына қандай жағдайда жүгіну керек?

- Банк омбудсманы қарыз шартының талаптарын өзгертуге, берешекті қайта құрылымдауға және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты дауларды қарайды. Алайда оған келесі жағдайларда жүгінуге болмайды:

- іс сотта қаралып жатыр немесе сот шешімі шыққан;
- банктік ұйымға жүгінгенін растайтын дәлелдер болмаса;
- жаңа мән-жайларсыз қайталанған өтініштер;
- өтінішті заңды тұлға немесе өкілеттігі жоқ үшінші тұлғалар берсе;

- микроқаржы ұйымдарындағы (МҚҰ) қарыздар бойынша (бұл жағдайда микроқаржылық омбудсманға жүгіну қажет);
- мәселе алаяқтық әрекеттерге байланысты болса.

- Банк омбудсманына жүгіну үшін қандай құжаттар қажет?

Қарыз алушы келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- банктік қарыз шарты мен төлем кестесі;
- шартқа қосымша келісімдер (бар болса);
- банктік ұйымға жіберілген өтініштің көшірмесі және оның жауабы (немесе жауаптың болмауын растайтын құжат);
- қаржылық жағдайдың нашарлағанын растайтын құжаттар.

- Өтініш қалай қаралады?

Құжаттарды қабылдағаннан кейін, банк омбудсманы мәселені талдап, екі тарапқа да тиімді шешім ұсынады.

Егер қарыз алушы банкпен қайта құрылымдау туралы келісімге келе алмаса, омбудсман оның қаржылық жағдайына сәйкес келетін шарттарды ұсына алады.

Банк омбудсманының шешімдері қаржы ұйымдары үшін міндетті. Егер қарыз алушы шешімге қанағаттанбаса, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгінуге құқылы.

- Банк омбудсманына қалай жүгінуге болады?

Омбудсманға келесі тәсілдер арқылы хабарласуға болады: ресми сайт арқылы: bank-ombudsman.kz; электрондық пошта арқылы: office@bank-ombudsman.kz; жеке кездесу: Алматы қаласы, Айманов көшесі, 124, 301-кеңсе, Golden Time БО; телефон арқылы: +7 771 929 33 33.

МИКРОҚАРЖЫ ОМБУДСМАНЫНА ҚАЛАЙ ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Егер сізде микроқаржы ұйымымен (МҚҰ) микрокредит бойынша дау туындаса, сіз **микроқаржы омбудсма- нына** жүгіне аласыз. Микроқаржы омбудс- маны – бұл қарыз алушылар мен МҚҰ-ға өзара тиімді шешім табуға көмектесетін, дауларды ақысыз қарайтын тәуелсіз тұлға. Ол тараптардың құқықтарын қорғайды, дауларды шешуге жәрдемдеседі және микроқаржы нарығындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

- Оған қалай жүгінуге болады?

Ресми сайт арқылы: mfombudsman.kz

Электрондық пошта арқылы: info@mfombudsman.kz

Кеңсеге келіп: Алматы қ., Мынбаева көшесі, 53-ғимарат, 3-қабат, 321-кеңсе

- Өтініш беру үшін қандай құжаттар қажет?

омбудсманға жазылған өтініш; қарыз алушы толтырған сауалнама (сайтта бар);

жеке басын куәландыратын құжат; микрокредит шарты, өтеу кестесі, қосымша келісімдер (бар болса);

микроқаржы ұйымына немесе талап қою құқығы берілген тұлғаға жазылған өтініштер және олардың жауаптары (бар болса);

жеке деректерді өңдеуге және несие есебін алуға келісім

Байланыс нөмірлері:

+7 (727) 338 22 44, +7 (727) 338 22 25

Еске сала кетсек, Қазақстанда микроқаржы омбудсманы институты 2024 жылдың 21 желтоқсанында енгізілген. Омбудсманның шешімі МҚҰ үшін міндетті болып саналады.

«ҚЫЗҒЫЛТ ҚАЗАН» НАУҚАНЫНЫҢ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

Қазан айында бүкіл әлемде «Қызғылт қазан» атты жаһандық бастама өткізіледі. Бұл науқан сүт безі қатерлі ісігі, оның алдын алу, диагностикасы мен емделуі жайлы халықтың хабардарлығын арттыруға арналған.

Қызылорда облысында сүт безі қатерлі ісігі өкпе және асқазан облырдан оқ бойы озып тұр, деп хабарлады облыстық онкологиялық орталықтың бас дәрігерінің орынбасары Нұрлыбек Құлмаханов. Өңірде барлығы 6 241 онкологиялық науқас диспансерлік есепте тұрса,



оның 1 205-і сүт безінің қатерлі ісігі бар.

Маманның айтуынша, онкологияның бұл түрі әйелдермен қатар, ерлерде де болады. Бірақ, әйелдерде ең көп кездесетін дерттің бірі. Әдетте, бұл ауру сүт безі тінінде киста немесе түйін түрінде пайда болады. Бұл жасушалар лимфа жүйесі немесе қан тамырлары арқылы қоршаған тіндер мен мүшелерге таралуы мүмкін. Ауруды асқындырып алған жағдайда емдеу қиыңа соғады. Маммография және өзін-өзі пальпация

секілді медициналық тексерулер сүт безі обырын ерте анықтап, сәтті емдеу мүмкіндігін айтарлықтай арттыруы мүмкін.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры- ның Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова түсіндіргендей, онкоскринингтер бұрын МӘМС медициналық қызметтері пакетіне кірген. Яғни скринингтен өту үшін сақтандырылған мәртебесі болуы қажет еді. Сондықтан қауіпті ісіктерді анықтауға мүмкіндік беретін осы маңызды зерттеулерге барлық пациенттер қол жеткізе алмады.

Бірыңғай пакетті әзірлеу кезінде сарапшылар осыны ескеріп, скринингтерді мемлекет кепілдік беретін негізгі медициналық көмек пакетіне енгізді. Енді сүт безі қатерлі ісігіне, жатыр мойны және тоқ ішек қатерлі ісігіне скринингтік тексерулерді МӘМС төлемдері болмаса да, емханада өтуге болады.

40 пен 70 жас аралығындағы әйелдер 2 жылда 1 рет сүт безі обырын ерте анықтау үшін скринингтік тексеруден өте алады. Оған келесі тексеру түрлері кіреді: сүт без- деріне ультрадыбыстық зерттеу, мақсатты маммография (1 проекция), маммография.

Қажет болған жағдайда дәрігер қосымша тексеруге жолдама береді: пункциялық/ стереотактикалық бақылаудағы аспирациялық биопсия, трепанобиопсия, курделілігі 3 санаттағы операциялық- биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу.

Нәтижесі бойынша келесі дәрігерлерге жолдама беріледі: акушер-гинеколог, рентгенолог (рентнограмманы 2-ші мәрте қарау), онколог немесе онколог-хирург, маммолог.

Жыл сайын қазан айында ұйымдастырылатын айлық аясында еліміздің медициналық орталықтарында ашық есік күні өтеді. Онда тегін тексеруден өтіп, маммолог-дәрігерлерден кеңес алуға болады.

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Биылғы жылдың 18 шілдесінде жаңа Салық кодекске қол қойылды. Жаңа Салық кодексіндегі ең негізгі өзгерістер туралы Қызылорда облысы бойынша крістер департаменті басшысының орынбасары А.Елеманов Қызылорда Өңірлік коммуникациялар қызмет алаңында өткен брифингте түсіндікте берді.

Сараланған салық ставкалары енгізілді. ҚҚС реформаланды. «Сән-салтанат салығы» енгізілді. Арнайы салық режимдері өзгерді. Салық жеңілдік- тарын алудың ашық және нақты ережелері әзірленді. Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру қарасты- рылған. Сервистік модельге көшу жүргізіледі. Салық есептілігінің нысандары 30% - ға қысқарады.

Корпоративтік табыс салығы (КПН) бойынша КТС сараланған ставкалары белгіленді.

Жекелеген қызмет түрлерін қоспағанда, КТС ставкасы салық салынатын табыстың 20% мөлшерінде белгіленген:

Банк қызметінен (бизнесі кредиттеуді қоспағанда) 25%;

Ойын бизнесінен-25%;

әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйым- дардың қызметінен (білім беру, медицина) – 2026 жыл- дан бастап – 5 пайыз, 2027 жылдан бастап – 10 пайыз.

ауыл шаруашылығы өнімін, балық шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар алған ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген аталған өнімді қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметтен – 3 пайыз;

ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметінен – 6 пайыз мөлшеріндегі ставкалар қарастырылған.

КТС есептеу, декларациялау және төлеу тәртібі бойынша да өзгерістер қарастырылған.

Аванстық төлемдер бойынша шек 350 000 АЕК- тен 600 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды Декларация тапсырылғанға дейін аванстық төлемдер бойынша есеп алынып тасталды.

КОСЫЛҒАН КҮН САЛЫҒЫ БОЙЫНША

ҚҚС мөлшерлемесі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап айналымдар мен импортқа ҚҚС 16 пайыздық мөлшерлемесі бойынша салық салынады.

ҚҚС бойынша есепке қою шегі 10 000 АЕК құрайды.

Медицина саласында: дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, медициналық бұйымдарды жинақтаушыларды, сондай- ақ техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдарды өткізу бойынша, медициналық қызметтерді өткізу бойынша айналымға және импортқа 2026 жылдан бастап 5% және 2027 жылдан бастап 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

Отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізу бойынша айналым мөлшеріне 10% төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді.

Өткізу және импорттау бойынша жеңілдіктер қарастырылған:

- ішкі туризм бойынша туоператордың қызметтері (қазір тек кіру туризмі ҚҚС-тан босатылады);
- отандық басылымның кітаптары, баспа түрінде кітаптар шығару бойынша қызметтер,

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

Алынатын табыс түріне қарай жеке табыс салы- ғының сараланған мөлшерлемелері қарастырылған (363-бап).

Жеке тұлғалардың табыстарына ЖТС ставка- ларының мынадай прогрессивті шкаласы бойынша салық салынады:

-күнтізбелік жылда 8 500 еселенген АЕК-ке дейін (35 млн. теңге) – 10%;

күнтізбелік жылда 8 500 еселенген АЕК-тен (35 млн.теңге) асқан кезде – табыстан 8 500 еселенген АЕК-ке дейін 10% (35 млн. теңге) + осындай сомадан асқан кезде 15%.

Жеке практикамен айналысатын адамдардың табыстарына(жеке нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары, кәсіби медиаторлар) 9 пайыздық ставка бойынша ЖТС салынады.

Дивидендтер бойынша 230 000 АЕК-ке дейін (949 млн. теңге) – 5%;

-230 000 АЕК-тен жоғары (949 млн. теңге) – 230 000 АЕК-ке дейін 5%, одан асатын сомадан 15 пайыз;

Жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын дара кәсіпкердің, шаруа немесе фермер қожалығының кірісі бойынша:

-230 000 АЕК-ке дейін (949 млн. теңге) – 10%;

-230 000 АЕК-тен жоғары (949 млн. теңге) – 230 000 АЕК-ке дейін 10%, одан асатын сомадан 15 пайыз;

Жеке тұлғаның жеке салықтық шегерімдердің мынадай түрлерін қолдануға құқығы бар:

1) әлеуметтік төлемдердің салықтық шегерімі 2) базалық салықтық шегерім айына 30 АЕК (123 870теңге)

Жаңа Салық кодексі қазіргі нормалар мен рәсімдерді өзгертумен шектелмеуі керек. Бұл құжат салық төлеушілердің ашықтық пен адалдыққа негізделген жаңа таным-түсінігі мен болмысын қалыптастыруға тиіс. Мемлекет адал жұмыс істейтін салық төлеушілердің мүддесін қорғайды. Олардың адал еңбегінен түскен салықты елімізді дамытуға жұмсайды. Салықтан түскен әр теңге халықтың игілігіне жұмсалуға тиіс. Бұл – азаматтарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсетіліп, инфрақұрылым салынып, мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылуы қажет деген сөз. <i>Мемлекет басшысының биылғы Жолдауынан</i>

мөлшерінде, бірақ күнтізбелік жыл үшін 360 еселенген АЕК-тен (1 486 440 теңге) аспауға тиіс);

3) әлеуметтік салықтық шегерімдер:

Бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік салық шегерімі 882 еселенген АЕК-тен 5000 еселенген АЕК-ке дейін (20,6млн.теңге) ұлғайтылды.

Мүліктік табыс бойынша да айта кету керек:

- мүліктін әрбір түрі бойынша жеке баптар қарастырылып отыр.

- бағалы қағаздарды сату кезінде теріс және оң өсімді сальдо жасалады;

- тұрғын үйлерді, саяжай құрылыстарын, гараж- дарды, тұрақ орындарын, қоймаларды, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін сату кезінде күн өсімінен түсетін табысты айқындау кезеңі 2 жылға дейін ұлғайтылды;

Өздеріңіз білесіздер бұрын қандайда бір мүлік сатып алынып, 1 жыл көлемінде қайта сатып, сату кезінде оң өсім болған жағдайда сол өсім сомасынан 10 пайыз төлену міндеттілігі бар еді. Енді сол уақыт 2 жылға узартылып отыр. Яғни 2 жыл көлеміндегі сатып алу, сату бақыланатын болады.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛЫҚ

6 пайыздық мөлшерлемені белгілей отырып, әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдардың өзара байланысы алынып тасталды.

Өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу, қайта өңдеу және осындай қайта өңдеу өнімдерін өткізу қызметтерін жүзеге асыруға байланысты салық салу объектілері бойынша 1,8 пайыз мөлшерлемесі бойынша әлеуметтік салық есептеледі.

Әлеуметтік салық төлеушілер болып табылатын дара кәсіпкерлер немесе жеке практикамен айналы- сатын адамдар әлеуметтік салықты:

өздері үшін - төлеу күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде; әрбір жұмыскер үшін төлем күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінде есептейді.

Шаруа немесе фермер қожалықтары әлеуметтік салықты:

өздері үшін – АЕК-тің 0,6 еселенген мөлшерінде; әрбір жұмыскер үшін - АЕК-тің 0,3 еселенген мөлшерінде есептейді.

АКЦИЗ

Алкоголь өніміне, коньякка, шарапқа, сыраға, темекіге, табакка және т.б. жыл сайынғы өсіммен акциз мөлшерлемесі 10%-ға ұлғайтылды.

Литріне құны 500,0 мың теңгеден асатын алкоголь өнімінің импорты кезінде кеден құнының 10% мөлшерінде акциз ставкалары енгізілді. Сондай- ақ, құны бір дауа үшін 10,0 мың теңгеден асатын импортталатын сигараларға келендік құнының 10% мөлшерінде акциздің ставкасы белгіленді.

Құны 18000 АЕК-тен асатын жеңіл автомобиль- дерге, құны 24000 АЕК-тен асатын кемелер мен ауе кемелеріне құнының 10% мөлшерінде акциз мөлшер- лемелері белгіленді. Осы санат бойынша 3000 текше см- ден асқаны үшін төленген акциздер шегерімге жатады.

Сондай-ақ, 2026 жылдан бастап энергетикалық сусындарға акциздің литріне 100 теңге мөлшерінде ставкаларын белгілеу, кейіннен 5 жыл ішінде 240 теңгеге дейін ұлғайту жаңалық болып табылады.

Энергетикалық сусындарға акциз салу тәртібі алкоголь өніміне салық салу тәртібіне ұқсас.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ

Пайдалану мерзімі 10 жылдан асатын жеңіл автомобильдер бойынша көлік салығын есептеу тәртібі өзгертіліп, оларға түзету коэффициенті – 0,7,

Сондай-ақ, 2026 жылдан бастап энергетикалық сусындарға акциздің литріне 100 теңге мөлшерінде ставкаларын белгілеу, кейіннен 5 жыл ішінде 240 теңгеге дейін ұлғайту жаңалық болып табылады. Энергетикалық сусындарға акциз салу тәртібі алкоголь өніміне салық салу тәртібіне ұқсас. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ Пайдалану мерзімі 10 жылдан асатын жеңіл автомобильдер бойынша көлік салығын есептеу тәртібі өзгертіліп, оларға түзету коэффициенті – 0,7, коэффициенті – 0,5 қолданылады. Шаруа фермер қожалықтары бір пикап көлігі бойынша көлік салығын төлеуден босатылды.

2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Қазақстанда өндірілген (дайындалған немесе жиналған) немесе Қазақстанның аумағына әкелінген, қозғалтқыш көлемі 3000 текше сантиметрден асатын жеңіл автомобильдер үшін мөлшерлемелер алынып тасталды.

Заңды тұлғалар үшін көлік құралдарына салынатын салық бойынша ағымдағы төлемдердің есебін (салық есептілігі) ұсыну бойынша міндеттеме алынып тасталды, салық төлеуші тек жыл қорытындысы бойынша декла- рацияны табыс етеді және тиісінше төлемді жүргізеді.

ЖЕР САЛЫҒЫ

Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебін (салық есептілігі) ұсыну бойынша міндеттеме алынып тастал- ды, салық төлеуші тек жыл қорытындысы бойынша дек- ларацияны табыс етеді және тиісінше төлемді жүргізеді.

Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша (меншік несие немесе жер пайдаланушыға жер заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілген күннен бастап) салықтың базалық ставкалары қырық есеге ұлғайтылады.

МҮЛІК САЛЫҒЫ

Егер міндеттемелер сомасы заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін 300 АЕК-тен аспаса, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі тапсырылмайды. Бұл салық төлеуші тек жылдың қорытындысы бойынша декларацияны тапсырады және тиісінше төлемді жүргізеді.

Ғимараттар, құрылыстар бойынша салық базасы мүлікті қайта бағалауды ескере отырып, бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болып табылады.

Бұл ретте мүлікті мұндай бағалау әрбір үш жылда кемінде бір рет жүргізілуі тиіс.

ТӨЛЕМАҚЫЛАР

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы алынып тасталды (алкоголь өнімдерін сату, ойын бизнесі).

АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІ

Салық режимдерін онтайландыру мақсатында арнаулы салық режимдерінің 3 түрі енгізілді:

- 1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
- 2) оңайлатылған декларация негізінде;
- 3) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін.

Анықтама:

- оңайлатылған декларация және бөлшек салық негізінде АСР біріктірілді;
- мобильді қосымшын пайдалану негізіндегі АСРжәне патент негізіндегіАСР біріктірілді;
- тіркелген шегерімді пайдалану негізіндегі АСР жойылды;
- АШТӨ үшін АСР жойылды (жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен).

1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін АСР:

- ЖК болып табылмайтын жеке тұлға қолдануға құқылы;

- жалдамалы жұмысшыларсыз;

- шекті табыс - айына 300 АЕК (1,3 млн. тг, жылына 15 млн. тг);

- қызмет түрлерінің рұқсат етілген тізімі(ҚР ҰК);
- табыстың 4% мөлшеріндегі әлеуметтік төлемдер;
- ЖТС төлеуден босатылды;
- салық есептілігі жоқ, есеп айырысу ай сайын

мобильді қосымшаның чектері негізінде.

2) оңайлатылған декларация негізінде АСР:

«ҚАЙРАТ» ПЕН «РЕАЛ МАДРИД» МАТЧЫ: 2025. 30 қыркүйек

ӨКІНІШТІҢ ҮМІТІ немесе ҮМІТТІҢ ӨКІНІШІ...

21.10. «Реал Мадридтің» алаңға шығатын негізгі құрамы: Куртуа, Асенсио, Хэйсен, Алаба, Гарсия, Чуамени, Себальос, Гюлер, Мاستантуоно, Винисиус, Мбаппе.

21.45. Футболшылар «Орталық стадион» алаңына шықты.

21.47. «Қайрат» пен «Реал Мадрид» арасындағы матч 0:0. «Қайрат» футболшысы Дастан Сатпаев ойынның оныншы секундында-ақ баспен «Реал Мадрид» қақпасына шабуыл жасап үлгерді. Куртуа өз орнында.

21.54. Ойынның алтыншы минутында Жоржиньо «Реал Мадрид» қақпасына шабуыл жасамақ болды, бірақ «Реал Мадрид» футболшысы жолын кесті.

21.08. «Қайрат» футболшысы Луиш Мата «Реал Мадрид» ойыншысы Мбппені құлатты. Ойынның он минутында «Реал Мадрид» өз алаңынан шықпады. Ойынның оныншы минутында алаң иелері батылдық танытты.

21.09. Ойынның 12-минутында Мбаппенің «Қайрат» қақпасына бағыттаған соққысына Мартынович бөгет болды. Ойынның 14-ші минутында Винисиус жалғыз өзі өкшесінің сырт жағымен допты штангіден алыс тепті.

22.04. Сол қапталдан Дастан Сатпаев «Реал Мадрид» қақпасына қауіпті шабуыл жасады.

22.06. Ойынның 18-минутында Арда Гюлер «Реал» бұрыштама добын қауіпті орындады.

22.08. Матчтың 20-минутында қақпашы Шерхан Қалмырза Мбаппенің қауіпті соққысын қайтарды.

22.11. Ойынның 24-минутында Мбаппе «Қайрат» қақпасына пенальти орындап, гол салды. Осылайша есеп ашылды.

22.15. «Реал Мадрид» шабуылын үдетті. 27-минутта Шерхан Қалмырза қарсыластың екі соққысын қайтарып үлгерді.

22.20. Ойынның 31-минутында «Реал» футболшысы Себальостың «Қайрат» қақпасына бағыттаған соққысын Қалмырза қайтарып қалды.

22.25. «Қайрат» алғашқы таймның соңғы минуттарында шабуыл жасады. Бұл жолы Громыконың соққысы қақпадан сырт кетті.

22.26. Ойынның 37-минутында қақпашы Қалмырза мадридтік Гарсияның соққысын қайтарды.

22.30. Шерхан Қалмырза «Реал» ойыншысы Винисиустің соққысын қайтарды.

22.33. Төреші 45 минут біткен соң қосымша бір минут қосып берді. Матчтың бірінші таймы 0:1 есебімен аяқталды.

22.47. Футболшылар алаңға оралды. Екінші тайм басталды. «Реал Мадрид» алғашқы минуттан шабуылға шықты.



22.54. «Қайрат» сапындағы Валерий Громыко қарсыласына өрескел әрекет жасап, сары қағаз алды. Енді оған ойын соңына дейін байқап ойнауға тура келеді.

22.56. Мбаппе жалғыз өзі «Қайрат» қақпашысы Шерхан Қалмырзамен бетпе-бет келіп, қақпаға бағыттаған соққысы голға ұласты. Есеп – 0:2.

22.59. Сатпаев «Реал» қақпасына айып соққысын бағыттады. Алайда доп тордың сыртынан табылды. Жанкүйерлер доптың торға тигенін көріп гол деп ойлап қалды.

23.01. «Қайрат» ойыншысы Арад «Реал» қақпасына доп бағыттады. Бірақ қақпадан сырт кетті.

23.06. «Қайрат» футболшылары ойынның 60-минутында шабуылды үдетіп, қарсылас қақпасына бірнеше соққы жасап үлгерді.

23.07. Ойынның 64-минутында «Қайрат»

«ҚАЙРАТ» командасы:

Қалмырза, Тапалов, Мартынович, Сорокин, Луиш Мата, Мрынский, Касабулат, Арад, Громыко, Жоржиньо, Сатпаев.

«РЕАЛ МАДРИД» командасы:

Мбаппе, Родриго, Беллингем, Гарсия, Диас, Камавинга, Себальос, Алаба, Асенсио, Вальверде, Куртуа бар.

23.16. «Реал» сапындағы Родриго пен Браим Диас Винисиус пен Мاستантуононың орнына алаңға шықты.

23.17. Ойынның 73-минутында Гюлерден пас алған Мбаппе «Қайрат» қақпасына үшінші голын салды. Есеп – 0:3.

23.24. «Реал» сапында ойыншылар ауысты. Камавинга, Беллингем және Гонсалолар Гюлер, Тчуамени және Мбаппені алмастырды. Ал «Қайрат» сапында Громыко мен Саптаевтың орнына Зария мен Рикардиньо шықты.

23.27. Алаңға енді ғана шыққан Эдуардо Камавинга «Қайраттың» бос қақпасына гол салды. Есеп – 0:4.

23.32. Ойын соңына жақындап қалды. «Реал Мадрид» футболшылары допқа иелік етіп, бір-бірімен алмасып, «Қайрат» футболшыларына бермей жатыр.

23.35. Негізгі уақыт аяқталды. Төреші үш минут қосты.

23.38. Ойынның соңғы минутында «Реал» футболшысы Браим Диас гол салды. Есеп – 0:5.

23.40. Тарихи матч аяқталды. «Реал Мадрид» футболшылары «Қайрат» қақпасына бес гол салып, ойын 0:5 есебімен бітті.

Қазақстан клубының бақылау кеңесінің басшысы

Қайрат БОРАНБАЕВ: БҮЛ ЖӘЙ ФУТБОЛ ЕМЕС, БҮЛ ЫНТЫМАҚТЫҢ, БІРЛІКТІҢ БЕЛГІСІ




– Елімізде өтіп жатқан маңызды оқиғалар көп. Алайда футбол әлемінде мұндай жағдайлар өте сирек. Өрине, “Қайраттың” Чемпиондар Лигасында болуы Алматы үшін ғана емес, еліміз бойынша үлкен оқиға. “Реалды” әуежайда, қала көшелерінде мыңдаған адамдардың күтіп алып жатқанын көргенде, бұл қайталанбас, ұмытылмас тарихи сәт екенін сезіндім. Бұл - жәй футбол емес. Бұл - бүкіл ел бір матчпен, бір тілек, бір арманмен өмір сүретін бірлік, ынтымақ сезімі. Өрине бұл көңілге әсер етеді, көзден жас шығарады. “Реал” – футбол аңызы, оның көшбасшы екеніне ешкім дауласа алмайды. Мен үшін ойын соңындағы таблодағы нәтижелерден гөрі біздің команданың жүрек соғысы маңызды. Мен жігіттер клуб үшін, қала үшін, ел үшін батыл, адал ойнайды деп сенемін. Олар алаңдағы ойынға барлық жан-тәнін салады. Өрине осы матчтың өзі тарихқа жазылды.

Жанкүйерлер жанайқайы

ЖАС ҚАҚПАШЫ – БҮГІНГІ КҮН БАТЫРЫ

– Жарайсың, Шерхан!
Қорғаушылар қолдай алмады.
Алға “Қайрат”, алға Қазақстан!



БИЛЕТ ҚАНША ТҮРДЫ?

«Қайрат» – «Реал Мадрид» матчының билеттері 23 қыркүйекте сағат 17:00-де клубтың ресми сайты мен Ticketon платформасында сатылымға шықты. Ресми ақпарат бойынша бір ЖСН бойынша бір адамға екі билеттен артық сатылған жоқ. Деректер сатып алу кезінде де, стадионға кіргенде де мұқият тексерілді.

УЕФА-мен келісілген және барлық ойынға бірыңғай болып белгіленген билеттің бағасы 30 000 теңгеден 250 000 теңгеге дейін болды. Баға саясаты турнир талаптарына және Чемпиондар лигасы матчтарын ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесіне сәйкес келді.

Абонемент иелері өз орындарын ерте-рек тиімді бағаға сатып ала алды. Ticketon қызметкерлері сатылым басталғанға дейін алдын ала хабарласып, орындарды сатып алу бойынша толық ақпарат берді. Осылайша, клуб ең адал жанкүйерлеріне ерекше қамқорлық көрсетті.

Билеттердің бір бөлігі дәстүрлі түрде бекітілген әлеуметтік және клуб

квоталары аясында бөлінді. Олар «Қайрат» Академиясының және клуб филиалдарының бапкерлері мен тәрбиеленушілеріне, паралимпиадалық спорт түрлерінің спортшыларына, сондай-ақ клубтың қызметкерлері мен ардагерлеріне берілді. Белгілі бір квота клуб демеушілеріне қолданыстағы серіктестік міндеттемелер аясында қарастырылған.

Клуб билетті тек ресми арналардан, яғни клубтың ресми сайты, Qairat SuperApp мобильді қосымшасы және Ticketon сервисі арқылы сатылды. Осы сервистерден алынған билетпен ғана стадионға кіруге мүмкін болды.

Стадион сыйымдылығы 23 мың адам. Алайда матчты көргісі келген жанкүйерлер саны одан ондаған есе асып кеткен.

Ресми сұраныстың өзі 140 мың болған. Команда бас жаттықтырушысы Рафаэль Уразбахтин айтуынша футболшылардың өзіне 5 билеттен ғана берілген. Ойын басталғанға дейін электронды кезекте 200 мың адам тұрған.

Матч жарнамасы

ҚАЛЖЫҢНЫҢ ӘСЕРІ

Кайрат-Реал 5 ч.
Работаю горничной в отеле «Inter continental»
Продам постель, где спал Мбаппе
Простыня - 500.000 тенге
Пододеяльник - 500.000 тенге
Наволочка - 350.000 тенге
Трусы Мбаппе, чистые - 500.000 тенге
Трусы с чиркашами - 1.000.000 тенге
Пишите у личку!

елді таңқалдырғысы келген. Жалпы спорт әлемінде автографтарды, яғни “Реал” ойыншыларының автографтарын немесе басқа бір заттарын сатып жатқандар жоқ емес. Содан да әзілдегісі келген. Негізгі жұрт оның әзілін түсінгендіктен де көп хабарласпады дейді.

Пікір жазушылардың арасында қонақүйдің әкімгершілігіне шығып, Мбаппе іш киімін сатуға кім рұқсат берді деп сұрағандар да болыпты.

Sport24 тілшісі әлеуметтік желілердің бірінде жарияланған осы жарнама иесімен тілдесіп үлгірген. Жарнама иесі Реал

командасы тоқтаған қонақүйдің қызметшісі екен. Оның айтуынша “әлеуметтік желідегі бар әңгіме “Қайрат” пен “Реалдың” ойынына тіреліп тұрғандықтан, өз мүмкіндігіне қарай ол да қалжыңдағысы келген. Ол әлеуметтік желіде әркімнің әр нәрсе сатып жатқанын көріп, осылай қалжыңдағысы келген. Мәселен, бір шопыр ойыншылармен түскен суретін, енді бір жанкүйерлер ойыншыларды күтіп алғанын жариялап жатқанда, ол да

АҚША ТАПТЫҚ...

Қазақстанға келген туристердің негізгі легі Қытай, Үндістан, Ресей азаматтары. Кешегі “Қайрат – Реал Мадрид” ойынына «e-Qonaq» ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес, Қазақстанның өзге өңірлерінен келген жанкүйерлермен бірге санағанда көрермен саны ондаған мың адамға жетті.

Туристердің негізгі легі Қытай, Үндістан, Ресей, сондай-ақ Жапония, Ұлыбритания, Испания, Чехия, ТМД және өзге де Еуропа мемлекеттерінен келген.

Сонымен қатар еліміздің басқа облыстарынан келген жергілікті туристер де бар. Mastercard компаниясының мәліметі бойынша, Алматыға келген әрбір шетелдік туристің орташа шығыны шамамен 1 500 АҚШ долларын құрайды екен. Демек матчта “Қайрат” жеңіске жетпесе де шағын және орта бизнестің дамуына серпін берді, қызмет көрсету саласы жанданды.

ТҮНДЕ ТЕГІН АВТОБУС ЖҮРДІ

Алматы қаласында Қайрат-Реал матчынан кейін жанкүйерлер үшін тегін автобустар қатынаған. Сондай-ақ, метроның жұмысы да ұзартылған. Мәселен 60 автобус 6 бағытта жанкүйерлерді тасымалдаған.

Олар:

Орталық стадион – «Алматы Арена» (тақтайша – А1, жүретін орны – Абай даңғылы батыс бағытта);

Орталық стадион – Райымбек/Алатау (тақтайша – А2, жүретін орны – Абай даңғылы батыс бағытта);

Орталық стадион – «Алматы-1 вокзалы» т/ж (тақтайша – А3, жүретін орны – солтүстік бағыттағы Байтұрсынов көшесі);

Орталық стадион – Орбита ш/а (тақтайша – А4, жүретін орны – оңтүстік бағыттағы Байтұрсынов көшесі);

Орталық стадион-Жұлдыз ш/а (тақтайша – А5, жүретін орны – Шығыс бағыттағы Абай даңғылы);

Орталық стадион – әуежай (тақтайша – А6, жүретін орны – шығыс бағытта Абай даңғылы).

ӘЖЕТХАНА КӨБЕЙДІ

Алматының орталық стадионы халықаралық стандарттарға сай жабдықталып, жарық беру жүйесі мен инфрақұрылымы жақсарған.



Төрешілер мен ойыншыларға барлық жағдай жасалған, киім ауыстыратын бөлмелер жабдықталып, спортшылардың жайлылығы үшін қажетті нәрселермен қамтамасыз етілген.

Стадионның ішкі безендірілуіне де ерекше көңіл бөлінген: трибуналар жаңартылып, Алматы қаласының айдентикасы мен стадион сәулетіне сай жаңа көркем суреттер жасалған. Көрермендерге ыңғайлы болу үшін 1,5 мыңнан астам орындық ауыстырылып, санитарлық тораптар жаңартылып, қосымша 60 биодәретхана орнатылған.

ПОЛИЦИЯ ҚЫРАҒЫ

Матч кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Алматы қаласы Полиция департаментінің 2 382 қызметкері жұмылдырылған.

Бақылау-өткізу бекеттеріне металл детекторлар мен қол сканерлері қойылып, стадион аумағында жедел жәрдем көліктері мен өрт сөндіру бригадалары кезекшілік етіп, эвакуация жоспарлары мен дабыл беру жүйесі тексерілген.

Матч материалдары әлеуметтік желі бойынша дайындалды.

ҚҰРМЕТТІ ФУТБОЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ!

Көптен күткен Қызылорда қаласындағы Жаңа стадионның ашылу рәсімінде еліміздегі ең ауқымды футбол матчы Ордабасы – Тобыл арасындағы Қазақстан Кубогының финалдық кездесуі өтеді.

Футбол жанкүйерлерін Сыр еліндегі бірегей нысанда асыға күтеміз! Кеш қонақтары Sadraddin, Bellucci.

4 қазан 18:00. Билеттерді «Ticketon» сайтынан ала аласыздар!

